14 ТАМЫЗ,
2025 ЖЫЛ,
БЕЙСЕНБІ
№88 (23 557)

# ORTALYQ QAZAQSTAN

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1931 жылдың
4 қазанынан бастап шығады

ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

www.ortalyq.kz | www.instagram.com/ortalyq.kz/ | www.facebook.com/ortalyq.kz/ | info@ortalyq.kz

Аймақ дамуының басты күші
2-бет

Асыл мұратымызға қол жеткіздік!
5-бет

Тілшілер тілдесті, пікірлер үндесті
8-бет







● РЕСМИ

## Ел игілігіне жұмсалады

**Мемлекет меншігіне қайтарылған қаражат ел игілігіне қызмет етуде. Қайтарылған активтердің 5,1 млрд теңгесі облыс аумағындағы су құбыры желілерін жаңартуға бағытталмақ. Атаулы қаражат сомасы бұған дейін заңсыз иеленген активтерді қайтару нәтижесінде республикалық бюджетке түсіп, енді аймақтық маңызы бар әлеуметтік жобаларға жұмсалмақ.**

Мамандардың айтуынша, бүгінде Қарағанды өңіріндегі сумен жабдықтау жүйелерінің тозу деңгейі кейбір елдімекендерде 60%-дан асып отыр. Бұл тұрғындардың тіршілік нәріне қолжетімділігін шектеп, жиі болатын апаттық жағдайларға алып келуде.

Жетелі жобалар легі бірнеше кезең бойынша жүзеге асады. Алдымен, апатты жағдайдағы магистральдік құбырлар мен су тарату желілері ауыстырылады. Кейін ауылдық елдімекендерге су тарту жұмыстары басталады. Сонымен қатар, кейбір аудандарда су тазарту қондырғылары орнатылып, экологиялық талаптарға сай жабдықтармен қамтамасыз етіледі.

Үкіметтің баспасөз қызметінің өкілдері қаржыландырудың елден заңсыз шығарылып, кейін мемлекетке қайтарылған активтер есебінен жүзеге асырылатынын нақтылап, бұл қаражаттың әділеттілік пен экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етуге бағытталғанын атап өтті.

Ресми хабарламада жобалар Қарағанды қаласында, сондай-ақ, облыстың бірнеше елдімекендерінде – Тихонов, Садовое, Колхозное, Ақтерек, Әлихан ауылдарында және Көктенкөл стансасында жүзеге асырылып жатқаны баса белгіленді. Реконструкциялау мен құрылыс жұмыстарын жыл соңына дейін толық аяқтау жоспарланды.

Үкіметтің баспасөз қызметі қазіргі уақытта Қазақстанда ауызсумен кезең-кезеңімен қамтамасыз ету жоспары іске асырылып жатқанын еске салды. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Қарағанды қаласында халықтың 99,4%-ы, ал, өңірдің ауылдық елдімекендерінде 97,9%-ы сумен жабдықтау қызметтеріне қол жеткізген.

**Өз тілшімізден**

# Жер – ырыс, инвестиция – тыныс

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Агроөнеркәсіп кешеніне инвестиция тарту – өте маңызды міндет», – деп баса белгіледі. Демек, алып кешенінің басты мақсаты – еліміздің азықтүлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Үдеден шығу үшін облыс аумағында нақты шаралар іске асты. Құмсағатты кері аударарлық шама арасында егіс орағының ау жайы, мұндағы мемлекеттік қолдау тетіктері, болжам мен нәтиже сынды бірқатар тақырыптар албарына дүрбі салып көрдік.**






Коллажды жасаған Шынар Адамбекова

*Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,*
«Ortalyq Qazaqstan»

### Президент пәрмені

– Агроөнеркәсіп кешенін тікелей субсидиялаудан арзан несие беру тәсіліне біртіндеп көшу – аса маңызды міндет. Бөлінген қаражаттың бәрі тиімді жұмсалуға тиіс. Алайда, шындыққа жанаспайтын ақпарат беру, басқаша айтқанда, мәліметтерді бұрмалау ауыл шаруашылығындағы шынайы ахуалды бағалауға кедергі келтіріп отыр. Арнайы комиссия 2 миллион ірі қара және 3 миллионнан астам уақ мал санда бар, санатта жоқ екенін анықтады. Егін шаруашылығы саласында да осындай жайттар бар екені белгілі болды. Шын мәнінде, мұның бәрі – мемлекеттен субсидия алу үшін жасалған көзбояушылық. Ондай қылмыстық әрекеттерге тосқауыл қою қажет. Ал, мұндай іспен айналысқан адамдарды жауапкершілікке тарту керек. Жер – ауыл шаруашылығы саласына инвестиция тартудың басты кепілі, – деп айшықты да айқын бағдар берген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауындағы ұстын ойлар әр шаруаның шашау шықпас ісіне жол көрсетер алтын қазық. «Берсең, аласың, ексең, орасың» деген мақалдың маңызы осыдан шықса керек-ті. Қым-қуыт кезеңде қапы қалмай, қамбасын қазынаға толтыру – берекеге бастары ақиқат.

### Шарайна

Алдымен атап айтайық. Ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқабы жыл сайын кеңейтіліп, заманауи интенсивті технологиялар енгізілу үстінде. «Не тапсақ – ниеттен». Мал басын көбейту арқылы ет және сүт өнімдерін өндіру көлемі де айтарлықтай артып келеді. Дәп осы арада Президент пәрмен еткен инвестициялық жобалар кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келе жатқаны көңіл көншітеді.

4-бет

# Беделді биіктетер белес




**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев туризмді ұлттық экономиканың басым бағыттарының бірі ретінде бірнеше рет атап өткен болатын. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл сала – ішкі өнімді арттыратын құрал ғана емес, еліміздің халықаралық беделін көтеріп, өңірлік дамуға серпін беретін маңызды драйвер. Ел Президентінің осы тапсырмасын негізге ала отырып, елімізде туризмді жүйелі дамытуға бағытталған ауқымды жұмыстар қолға алынған. Сол бағыттағы үлгілі өңірлердің бірі – Қарқаралы.**

**Тарих пен табиғат үйлескен бұл аймақта соңғы жылдары айтарлықтай ілгерілеу байқалады. Жаңарған инфрақұрылым, ашылған жаңа демалыс орындары, жеңілдетілген несиемен қолдау тапқан кәсіпкерлік жобалар – Қарқаралыны еліміздің туризм картасындағы маңызды орталықтардың біріне айналдырып отыр. Енді бұл өлке қонақтарды ғана емес, инвесторлар мен кәсіпкерлерді де қарсы алуға дайын.**




Сурет ашық дереккөзден

*Жәлел ШАЛҚАР,*
«Ortalyq Qazaqstan»

### Турист саны 1,5 есе артты

Қарқаралы – аты аңызға айналған өлке. Тарихы терең, табиғаты сұлу, тылсымы мол бұл аймақ ежелден-ақ саяхатшылардың қызығушылығын оятқан. Ал, бүгінде сол сұлу мекенге турист ағымы ғана емес, жаңа кәсіпкерлік тынысы да келіп жетті. Қарқаралы енді тек демалуға ғана емес, инвестиция салуға болатын өңірге айналып келеді. Бұған соңғы жылдары ауданда жүргізілген жүйелі жұмыс, инфрақұрылым мен сервистік қызмет сапасының артуы дәлел.

2025 жылдың алғашқы сегіз айында Қарқаралы ауданына 20 мыңнан астам турист келген. Бұл – өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 50%-ға артық. Статистикадан бөлек, демалыс орындарындағы толымдылық пен жаңадан ашылған нысандар да осы өсімнің нақты көрінісін береді.

Бүгінгі таңда ауданда 40-қа жуық демалыс орны бар. Олардың бір мезетте 3 мыңға жуық қонақты қабылдауға әлеуеті жетеді. Бұл салада 300-ден астам адам тұрақты жұмыс істейді. Демек, туризм Қарқаралы халқы үшін табыс көзіне айналып, жергілікті экономиканың басты тірегіне айналуда.

Туристік ағымның артуында жол сапасының да маңызы зор. Қарқаралы ауданының кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімінің басшысы Нұрлыбек Ілдебаев жол инфрақұрылымының әсерін кеңінен түсіндіріп берді.

– «Қарағанды-Қарқаралы» автожолының жөнделуі туристер ағынына оң әсер етті. Қазір жол жайлы, жүру ыңғайлы. Бұған байланысты демалыс базалары, дәмханалар мен жаңа қонақүйлер бой көтере бастады. Бұл – табиғат көрінісі мен жайлылықтың үйлесімі арқылы Қарқаралыны тартымды еткен нақты факторлардың бірі, – дейді ол.

Қарқаралы қаласының батыс бөлігінде, ұлттық табиғи паркке жақын орналасқан «Бұғылы» рекреациялық аймағы – бүгінде ерекше назардағы жоба. Жалпы көлемі 75 гектар болатын бұл аумақта бүгінде су құбыры, кәріз жүйесі мен электр желілері тартылуда. Инфрақұрылым толық аяқталған соң жер телімдері аукцион арқылы инвесторларға ұсынылмақ.

Тұжырымдамалық жоспарға сәйкес, бұл жерде тыныштық пен табиғат үндескен демалыс аймақтары, этноауыл мен ойын-сауық саябағы, аспалы жолы бар тау-шаңғы кешені, қонақүйлер мен туристік кешендер бой көтереді.

Бұл – тек Қарқаралы емес, тұтас Орталық Қазақстан үшін үлгі боларлық жобалардың бірі.

### «Жол картасы» – нақты әрекет

Қарқаралыда туризм саласын кешенді дамыту үшін арнайы «Жол картасы» әзірленген. Бұл құжат бес бағытты қамтиды.

Атап айтсақ, туристік инфрақұрылымды жақсарту, табиғи және тарихи ескерткіштерді жүйелеу, қызмет көрсету сапасын арттыру, мамандар даярлау, Қарқаралының туристік брендингін қалыптастыру және инвестициялық жобаларды іске асыру.

Бұл құжат шеңберінде алғашқы нәтижелер де байқала бастады. Туристік нысандардың көбейіп, сапасы артып келеді. Ал, жергілікті тұрғындар арасында туризмге бағытталған кәсіпкерлікке қызығушылық арта түсуде.

Туризм – экономиканың қозғаушы күштерінің бірі. Расында да, бұл сала – тек ұлттық имидж ғана емес, жергілікті халық үшін де тұрақты табыс көзі.

Қарқаралыда бұл көзқарас нақты іске айналып отыр. Инфрақұрылымның жаңаруы, сервистік қызметтің сапасы, тарихи-мәдени нысандардың сақталуы мен заманауи демалыс форматтарының енгізілуі – барлығы Қарқаралыны ұлттық туристік брендке айналдыру жолындағы сенімді қадамдар.

### Түйін

Қарқаралы – бүгінгі таңда жай ғана демалыс орны емес. Бұл – кәсіпкерлер мен инвесторлар үшін ашық мүмкіндік алаңы, ал, жергілікті тұрғындар үшін тұрақты табыс пен жаңа кәсіп көзі. Табиғаттың көркем келбеті мен адам қолымен жасалып жатқан игі өзгерістер бұл өңірді Қазақстанның туристік жүрегіне айналдыруға толық негіз қалап отыр.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ: ●**EUR/KZT** 629.54 ●**USD/KZT** 542.29 ●**RUB/KZT** 6.77 ●**CNY/KZT** 75.44

Қазақстан Ұлттық Банкінің
13 тамыз, 2025 жылғы дерегі бойынша

# Қамқорлық негізі – қауіпсіздік

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

**Биыл Қарағанды облысында 175 мыңнан астам оқушы жаңа оқу жылын қарсы алады. Олардың қатарындағы 15 мың бала алғаш рет мектеп табалдырығын аттайтын балдырғандар. Оларға қауіпсіз әрі қолайлы оқу ортасын қамтамасыз ету – негізгі міндет. Жаңа оқу жылына дайындық жайы облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен кеңесте егжей-тегжейлі талқыланды. Кеңеске басқарма басшылары, қала және аудан әкімдері қатысты.**

**Салтанат ІЛИЯШ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Қазіргі таңда облыста 402 мектеп жұмыс істейді. Жаңа оқу жылы қарсаңында тағы үш білім ошағы есік ашады. Оның бірі – Талды ауылында апатты мектептің орнына салынған 200 орындық жаңа ғимарат. Қалған екеуі – «Жайлы мектеп» бағдарламасы аясында Қарағанды және Балқаш қалаларында бой көтерген заманауи мектептер.

Бұл бастама мұнымен шектелмейді. Аталған бағдарлама аясында Бұқар жырау мен Шет аудандарында және облыс орталығында тағы алты мектептің құрылысы жалғасуда.

Білім беру нысандарының 265-інде жөндеу жүріп жатыр. Жылыту маусымына дайындық та назарда. Жылыту жүйелерін шаю, қысыммен сынау, отын қорын жеткізу алынған.

– 33 білім беру нысанында күрделі жөндеу жүргізілуде, – деді облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Мейіржан Сыздықов. – Бұған балабақшалар, колледждер және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға арналған орталықтар кіреді. 232 ауыл мектебінде ағымдағы жөндеуде. Бұл шатырларды жөндеу, терезе мен есікті ауыстыру, едендерді жаңарту, жарық шамдары мен электр сымдарын алмастыру, санитарлық тораптар мен кәріз жүйесін қалпына келтіру, сондай-ақ, әрлеу және жалпы құрылыс жұмыстарын қамтиды.

Республикалық реновация бағдарламасы аясында биыл облыстың әр ауданындағы 29 мектеп жаңғыртудан өтеді. Тағы 35 білім ордасы жаңғырту тізіміне енгізілген. Оқу орындарын заманауи физика, химия, биология, STEM және робототехника кабинеттерімен жабдықтау да күн тәртібінде тұр.

– Барлық жұмыстар мерзімінде әрі сапалы орындалуы тиіс. Жұмыс кестесі мен сапа қатаң бақылауда болады, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Тамыз айының басынан облыста дәстүрлі «Мектепке жол» акциясы басталғанын да айту керек. Биыл бұл жоба аясында 12 мың көпбалалы және аз қамтылған отбасы әлеуметтік көмек алады.


Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Бастауыш сыныптың 67 мыңға жуық баласына тегін ыстық тамақ беріледі. Бұл тек қамқорлық қана емес, білім сапасына да әсер ететін маңызды қадам.

Мектептер бейнебақылау жүйелері мен дабыл түймелерімен жабдықталған. Облыс әкімі барлық оқу орындарының аумағын тексеруді тапсырды: қауіпті жағдайда тұрған электр сымдарын жою, жарықтандыру орнату, қажет болса қосымша жол белгілерін қою міндеттелді.

– Оқу жылының басталуы әр отбасы үшін үлкен оқиға. Біздің міндетіміз – балаларды қауіпсіз әрі жайлы жағдайда қарсы алу, – деді өңір басшысы.

● САЛТАНАТ

# Құрылысшы қашан да қадірлі

**Мынау жарық жалғанда адамзат баласына ауадай қажет мамандықтар бар. Соларсыз біздің айымыз батып, күніміз тумайды. Қанша жыл, қанша ғасыр өтсе де, олар сұранparam. Дәрігер, мұғалім дейміз, полицей, пилот дейміз, тізе берсеңіз – көп. Құрылысшы да ешқашан сұраныстан түспейтін жер бетіндегі ең қастерлі мамандық. Міне, тамыздың екінші жексенбісі дәл осы мамандық иелерінің кәсіби мерекесі. Жер жүзіндегі барлық тіршілік иесіне жылы ұясы керек. Адамға да керегі – сол. Зәулім-зәулім ғимараттар мен тұрғын үйлерді салып, миллиондаған адамға қуаныш сыйлап жүрген мамандық иелерін облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев құттықтап, мемлекеттік наградалар тапсырды. Биылғы кәсіби мереке «Жұмысшы мамандықтарының жылымен» тұспа-тұс келіп отыр.**



**Ерік НАРЫН,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Салтанатты жиында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев сала мамандарын кәсіби мерекемен құттықтады. Құттықтау сөзінде аймақ басшысы құрылысшылардың өңір дамауына қосып жатқан зор үлестерін айрықша атап өтті.

– Ел Президенті қашан да құрылысшыларға ерекше көңіл бөледі. Бұл сала еліміздің дамуына айрықша үлес қосатынын білесіздер. Әсіресе, өндірісі жыл сайын қарқын алып, экономикасы ілгерілеп келе жатқан өңіріміз үшін аса маңызды. Мәселен, аймағымызда 3 мың құрылыс компаниясы сәтті жұмыс істеп келеді. Құрылыс саласының әр тарабындағы компаниялар болса да, бәрінің мақсат, міндеті – бір. Біздің басты назар аударатынымыз, әрине, тұрғын үйлердің құрылысы. Мәселен, былтыр 540 мың шаршы метр тұрғын үй қолданысқа берілді. Ал, биыл 548 мың шаршы метр тұрғын үйдің құрылысы аяқталмақ. Соның 1100 шаршы метрі жалға берілетін пәтерлер. 5 мыңға жуық адам жаңа пәтердің кілтін алады деп жоспарлануда. Бұның барлығы сіздердің еңбектеріңіз! Алдағы уақытта да тізе қосып жұмыс істеп, биік белестерді бағындыратынымызға кәміл сенемін! – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Әлеуметтік нысандарда да құрылыс жұмыстары қарқынды. Мәселен, 2 жылдың өзінде-ақ 10 мектептің құрылысы басталған. Былтыр 5 мектеп тапсырылыпты. Жоспарға сәйкес биыл 6 мектептің құрылысы аяқталуы тиіс. Бұл тек білім саласында ғана. Ал, өңірдегі денсаулық сақтау саласын дамыту үшін 92 медециналық нысанның құрылысы басталған. Нысандар ауылдық елдімекендерде бой көтереді. Бәрі өз мерзімінде тапсырылуы тиіс деді аймақ басшысы. Бұлардан бөлек, ауқымы кең өндірістік нысандардың құрылысы тілге тиек болды.

– Өздеріңізге белгілі, Қарағанды өндірістік аймақ. Бұл атқа қашан да лайық болуымыз керек. Өңір аумағында өндірістік орындардың құрылысы басталып, қарқынды жүріп жатыр. Еліміз алдағы уақытта атом электр станциясының құрылысын бастамақ. Осы құрылысқа қарағандылық компаниялар да қатысады деп сенемін. – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Салтанатты жиында Президент тапсырмасына сәйкес бірқатар азаматқа мемлекеттік награда тапсырылды. Құрылыс саласында көп жылдық тәжірибесі бар, «Полимер-С» ЖШС құрылыс компаниясының білікті басшысы Азамат Ақжігітов «Құрмет» орденімен марапатталды. Азамат Ақжігітов арнайы сөз алып, құрылыс саласының өзге мамандықтардан ерекшелігіне тоқталды.

– Құрылысшы дегеніміз жай ғана тас қалаушы, немесе, ауыр жұмыстарды істейтін адам емес. Ол – мына қаланың жаны, алғашқы іргетасына біткен күретамыры. Мыңдаған адамның өмірі һәм қуанышы солардың қолында. Кабинеттерде ақ жағалы көйлек, сәнді костюм кимесе де, олар ең маңызды жұмысты атқарушылар. Еңбектері орасан. Компания басшысы болсам да, жұмысшыларымның арасында көп жүремін. Бүгінгі құрылысшы жастар өте білімді және жауапкершіліктері мол. Мен оларға толықтай сенім артамын, – деді Азамат Ақжігітов.

Құрылыс ардагері Валентин Пак та «Құрмет» орденімен марапатталды. Марапат иесі 83 жаста. «Оливия» ЖШС құрылыс компаниясында әлі күнге дейін инженер болып қызмет атқарады. Басшылық тәжірибелі һәм білікті маманның қабілетін бағалайды екен. Еңбек жолын 1957 жылы бастапты. Бұл салаға әкесі баулыған.

– Құрылыс – өнер. Өйткені, құрылысшылар жүз жылдан астам уақыт тапжылмай, теңселмей тұратын көпқабатты ғимараттарды салады. Ал, сол ғимаратта миллиондаған сызық пен бөлшек бар. Солардың бәрін бір арнаға тоғыстырып, бір тұтас туынды жасайсыз. Ал, мұндай екінің бірінің қолынан келмейді. Әр ғимарат қаланың ажарын ашады, деміне дем қосады, – деді Валентин Пак.

Еңбек ардагері Антанина Асташеваның кеудесіне «Құрмет» ордені тағылды. ІІІ дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен «Самрат Строй» ЖШС құрылыс компаниясының инженері Георгий Гарифов пен «VDK-Build» ЖШС құрылыс нысанының бас шебері Алексей Лаппа марапатталды.

Суретті түсірген
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

● ЖАСТАР САЯСАТЫ

# Аймақ дамуының басты күші

**Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен Жастар істері жөніндегі кеңестің кезекті отырысы өтті. Бейресми ортада өткен кездесуде жастар ұйымының көшбасшылары, саяси бірлестік өкілдері мен жаңа буын белсенділері бас қосып, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосатын бастамаларды талқылады.**

**Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев жастарды жұмыспен қамту, білім беру және олардың өзін-өзі дамыту мәселелерін қамтитын ұсыныстарын тыңдап, жаңа идеяларды қолдауға дайын екенін айтты.

– Бізге ашық әрі мазмұнды әңгіме қажет. Қай жобалар іске қосылғанын, қайсысы әлі жоспар сатысында екенін және қай бағытта қосымша қолдау керек екенін нақты білу маңызды. Ел Президенті жастардың өсіп-өркендеуі мен бойындағы әлеуетін толық ашуына мүмкіндік беретін жағдай жасау қажеттігін атап өтті. Бұл бағытта облысымызда нақты нәтижелер бар, – деді өңір басшысы.

Сондай-ақ, кеңес отырысында Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма басшысы Айсұлу Ерниязова идеялар мен бастамаларды жүзеге асыруға үлкен мүмкіндік екенін атады.

– Алдыңғы отырыста біз Жол картасының жобасын талқылаған болатынбыз. Бүгінде жоба барлық деңгейде қабылданды. Аймақтар мен аудандарда кеңес өкілдері кездесулер өткізіп, 3 жылға арналған 7 бағыт пен 10 жаңа көрсеткішті айқындады. Бюджеті бекітілді, сондықтан жақын уақытта бұл жоспарлар назарға ұсынылады, – деді ол.

Алғашқы боп сөз алған Қарағанды облысындағы «Жас сарбаз» балалар-жасөспірімдер әскери-патриоттық қозғалысы» республикалық қоғамдық бірлестігінің бас директоры Рустам Баскумбаев мектептердегі патриоттық тәрбие туралы, алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімдерінің әлеуетін арттыру жөнінде ойын ортаға салып, ұсыныстарын білдірді.

– Мектептегі АӘД пәнінің мұғалімдері назардан тыс қалып жатады. Бұған дейін өзім де педагог болып жұмыс істегенмін. Бұл, расында да, өте қиын жұмыс. Менің ұсынысым – облыстағы барлық мектептерді әскери бөлімдерге бөліп бекіту. Егер шамамен алсақ, бұл 300-дей АӘД мұғалімі болады. Оларды бар-жоғы екі күнге әскери бөлімдерге жинау жеткілікті. Әскери қызметкерлер мотивациялық жұмыс жүргізіп, балалармен әңгімелесіп, оларға барлық жеңілдіктерді түсіндіреді, не үшін әскери оқу орындарына түсу керек екенін айтады. Жалғыз мәселе – тамақтану мен логистика шығындарын қаржыландыру. Бірақ, менің ойымша, бұл шешілетін мәселе. Мектептер мен колледждерді әскери бөлімдерге бөлу ісімен қорғаныс істері жөніндегі департамент те айналыса алады, – деді Рустам Байзулұлы.

Облыс әкімі Ермағанбет Қабдулаұлы бұл мәселенің шешімін табуға болатынын айтты. «Қазір формаға қатысты да белгілі бір талаптар бар шығар. Сол бойынша жұмыс жүргізуді сұраймын. Қажеті туындаса, бюджет арқылы тапсырыс беріп, тіктіріп, АӘД мұғалімдеріне таратуға болады. Ал мотивациялық жұмысты күшейту – дұрыс бағыт», – деді өңір басшысы.

Бұдан басқа отырыста ауыл балаларын ҰБТ-ға дайындайтын «Самғау» орталығы жұмысының биылғы қаржыландыруы қалай жүзеге асатыны да айтылды.

Бүгінде өңірде жастарға арналған ресурстық орталықтар жұмыс істейді, жас кәсіпкерлерді қолдау бағдарламалары іске асуда. Сонымен қатар, бизнес бастауды мақсат еткен кәсіпкерлерге әкім тарапынан грант беріліп келеді.

Respublica партиясының Қарағанды облыстық филиалы жанындағы жастар қанатының төрайымы Дәурия Байғонова үш жыл бұрын кәсіп ашуға облыс әкімінен грант алғанын айта келе, жастар кәсіпкерлігін дамыту бойынша ұсыныс білдірді.

– Жастар қанатының басты мақсаты – жастар кәсіпкерлігін дамыту. Сонымен қатар, оқыту, тәлімгерлік және саяси өмірдегі сауаттылықты арттыру бағытында жұмыс істейді. Болашақта бірқатар іс-шаралар өткізуді жоспарлап отырмыз. Соның бірі – жас кәсіпкерлермен дөңгелек үстел. Дөңгелек үстелде сізбен өңірдің жастар кәсіпкерлігін дамыту жөнінде пікір алмасқымыз келеді, – деді Дәурия Бейбітқызы.

– Жастар кәсіпкерлігін міндетті түрде қолдаймыз. Қазір гранттар да, жеңілдетілген несиелер де беріледі. Расын айту керек, жастардың бір бөлігі басқа өңірлерге қоныс аударады. Әсіресе, Астана қаласына. Сондықтан, біз өз өңірімізде жастарды ұстап қалу үшін зауыттар, жоғары технологиялық фабрикалар ашып, инвестор тартудамыз. Біз кәсіпкерлікті қолдаймыз, бұл тек республикалық деңгейде емес, өңірлік деңгейде де жүзеге асады, – деді облыс әкімі.



Ермағанбет Бөлекбаев жалпы статистика бойынша Қарағанды облысында жұмыссыздық мәселесі республика көлемінде төмен екенін атады. Тіпті, Ұлытау облысы бөлінгеннен кейін де жағдай өзгермеген. Жалпы жұмыссыздық 4% болғанымен, ішкі талдауда әйелдер жұмыссыздығы мәселесі бар.

– Жастар арасындағы жұмыссыздық әртүрлі есептеледі, бірақ шамамен 3% деңгейінде. Бұл да аз емес. Ал, NEET-жастар бойынша жағдай мәз емес. Қазір шамамен 6-7% деңгейінде, бұған дейін 9-10% еді. Әлі де шешімін таппаған мәселе бар. Бұл топтағы жастар оқымайды, жұмыс істемейді, кейде тіпті тіркеуде де жоқ, – деді. Сондықтан, жұмыссыздық шешімін табуы тиіс екені айтылды.

Сондай-ақ, кездесу барысында жастар бірқатар маңызды бастамаларды көтерді. Соның бірі – Жұмысшы мамандықтарының форумын өткізу. Мұны облыстық кәсіподақ орталығы жанындағы «Келешек» жастар кеңесінің төрайымы Аймира Баграмова ұсынды. Сөзінше, бұл форум жұмысшы жастардың құқығын қорғау, лайықты еңбек қағидаттарын насихаттау және техникалық мамандықтардың беделін арттыруды мақсат етеді.

– Бізде мұндай деңгейдегі форум әлі өткен жоқ. «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында бұл бастаманың мәні зор. Біз халықаралық сарапшыларды шақырып, тәжірибе алмасуды көздеп отырмыз. Жұмысшы жастар жиі назардан тыс қалады, ал, бұл жоба олардың мәртебесін көтеруге мүмкіндік береді, – деді Аймира Баграмова.

Ермағанбет Бөлекпаев ұсынысты қолдап, Қарағанды облысында жарты миллионға жуық жұмысшы мамандық иелері бар екенін, бұл – республикадағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі екеніне тоқталды.

Кездесуде сонымен бірге білім беру сапасы, креативті индустрияларды дамыту және еріктілер қызметін ілгерілету мәселелері де сөз болды.

Кеңес отырысы соңында облыс әкімі жастар саясатын дамытуға елеулі үлес қосқан және аймақ үшін маңызды бастамаларды жүзеге асырған белсенді жастарға Алғыс хат табыс етті.

Суретті түсірген
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

● АДАЛ АДАМ – АДАЛ ЕҢБЕК

# Жастардың жанарында от бар

**Бүгінгі Қазақстан – жасампаздықтың жаңа дәуіріне аяқ басқан, болашаққа бағыт алған ел. Ал болашақтың негізін қалаушылар – білімді, ұлтжанды, белсенді жастар. Елімізде осындай жастардың басын біріктіріп, ел ертеңіне бағыт көрсетіп келе жатқан жетекші ұйым бар. Ол – «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты. Біз мерекеге орай әрбір жастың өз әлеуетінің шыңдалуына мүмкіндік беретін қоғамдастықтың жай-жапсарын білу үшін «Жастар Рухы» жастар қанатының Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Арафат Мәжитовпен сұхбаттасқан болатынбыз.**



*Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,*
«Ortalyq Qazaqstan»

**– Арафат Азаматұлы, күні кеше Жастар күні тойланды. Бұл күннің жастар үшін маңызы қандай?**

– Жастар күні – жас буынның қоғамдағы орны мен үлесін атап өтетін, олардың әлеуетін танытатын ерекше күн. Бұл мереке – әрбір жасқа өз идеясын жүзеге асыруға, шабыт алуға және жаңа таныстықтар орнатуға мүмкіндік береді.

Күні кеше өткен Халықаралық жастар күніне арналған Jastar Fest форумында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев:

«Озық ойлы жастардың қоғам өміріне белсене араласуы, білімпаздығы, еңбек етуге және өзін-өзі дамытуға құштарлығы қуантады. Өйткені еліміздің бүгіні де, ертеңі де – сіздер.

...Қазақстан жастары – көзі ашық, көкірегі ояу, ойы ұшқыр, жасампаз азаматтар. Еліміздің жарқын болашағы – өскелең ұрпақтың қолында», – деп жастарға зор сенім артты. Біз, жастар, сол үдеден шығуды мақсат тұтамыз.

**– «Жастар Рухы» жастар қанаты ұйымының миссиясы не, бағыты неде? Қарағанды облысының жас қауымына қандай мүмкіндіктер ұсынады?**

– Біздің басты бағытымыз – жастар саясатын дамыту, олардың саяси белсенділігін арттырып, болашақ кадрларды даярлау. Ел дамуының белсенді қатысушысы ретінде жастарға бағыт-бағдар береміз.

Қарағанды облысының жастарына біз түрлі акциялар, лагерьлер, қоғамдық бастамаларды іске асыруға және жеке тұлғалық дамуға арналған алаңдар ұйымдастырамыз. Мұндай мүмкіндіктер жастардың жаңа идеяларды жүзеге асырып, көшбасшылық қабілеттерін шыңдауға жол ашады.

«Жастар Рухы» – жас қауымның өзін-өзі танытуына арналған үлкен алаң. Біз жастарға өз қабілетін көрсетуге, жаңа бастамаларын жүзеге асыруға және өмір жолында алғашқы серпін алуға мүмкіндік береміз. Біздің орта – нағыз өмір мектебі, мақсаты айқын жас осы жерден шыңдалып шығады. Абай атамыздың «Сен де бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та, бар қалан» дегеніндей, елдің беделді азаматы болып қалыптасуына «Жастар Рухы» даңғыл жол салады.

Әр жастың өз басымдықтары мен даму бағыттары бар, ал, біз сол жолда нұсқау беріп, қолдау көрсетеміз. Мәселен, біздің қатарымыздан өз стартапын бастағандар да, үлкен ұйымдарда мансабын құрғандар да, қоғамдық қызметке етене араласып кеткендер де көп. Жастардың бойындағы дарын мен қабілетті танып, оларды өз арманын жүзеге асыруға жетелеу – біздің ең маңызды миссиямыз.

**– Облыстағы жас толқынның белсенділігі қандай деңгейде деп ойлайсыз? Қай жобаларға жиі қатысады?**

– Қарағанды жастары белсенділігімен және батыл идеяларын жүзеге асыра білуімен ерекшеленеді. Олар экологиялық акцияларға, қайырымдылық бастамаларға, интеллектуалды ойындарға, сондай-ақ, саяси-ағартушылық жобаларға белсене қатысады. Әсіресе, еріктілер қозғалысы мен көшбасшылық дағдыларды дамытуға арналған іс-шараларға жастар қызығушылықпен атсалысады.

«Жастар рухы» соңғы жылдары өңірде әлеуметтік қолдау, қауіпсіздік, патриотизм, экология, тіл мен мәдениетті дамыту бағытында ондаған жобаны жүзеге асыруда. Мысалы, жастар «Ардагерлерді ардақтайық» бағыты аясында жалғызбасты ата-әжелерге үй шаруасына көмектеседі, «Қауіпсіз қала» жобасы бойынша тұрғындарға қауіпсіздік туралы құлағдар етіп, ашық кәріз құдықтары мен қауіпті нысандарды тексереді. «Қауіпсіз қоғам» акциясында полиция департаментімен бірге түнгі уақытта ойын-сауық орындарында кәмелетке толмағандардың болуына қатысты рейдтер өткізеді. Сондай-ақ, «Сарбаз болғым келеді» жобасы арқылы колледж студенттерін әскери бөлімдер мен өрт сөндіру станцияларына экскурсиямен апарып, оларға кәсіби бағдар мен патриоттық тәрбие беруге атсалысамыз.

Патриотизмді нығайтатын тағы бір бастама – «QAISAR» әскери-патриоттық ойындары. Онда облыстық іріктеуден өткен мектеп жастары республикалық жарыстарға жолдама алады. Айта кетсек, биыл Қарағанды жастары бұл жобада бірінші орынды жеңіп алды. Экология саласында «Таза Қазақстан» акциясын өткізіп, ағаш отырғызу, аумақтарды тазалау, тіпті, Ақмола-Алматы тасжолы бойындағы қоқысты жинап, үлкен ауқымды «Road» эстафетаны өткіздік. Нәтижесінде 100 тонна қоқыс қалдықтары жиналды. Сонымен бірге «Есірткіге жол жоқ» бастамасында есірткі жарнамаларын жоямыз және жастарға оның зияны туралы түсіндіреміз.

«Жастар Рухы» жастар қанатының тағы бір жұмысы – тіл мен мәдениет бағытында «Менің елім – менің тілім» жобасы шеңберінде «Сөйле» клубында қазақ тілін тегін үйретеді. Сондай-ақ, «BirTolqynda» диалог алаңында түрлі сала мамандарымен ашық кездесулер ұйымдастырамыз. «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында 600-ден астам жастың қатысуымен облыстық жастар слеті өткізілді. Биыл «Жастарға жұмыс» жобасы аясында 30-дан астам жұмыс берушінің қатысуымен бос орындар жәрмеңкесінде 200-ден астам жастың еңбекке орналасуына ықпал еттік. Біз облыс көлеміндегі осындай ауқымды шаралардың бел ортасында жүрміз. Біздің өңірдің белсенді жастары республикалық деңгейде де көзге түсуде. Мысалы, 2025 жылғы республикалық жастар саяси лагерінде олар Мәжіліс депутаттарымен, «AMANAT» партиясының төрағасымен және Атқарушы хатшымен кездесті. Ал, былтырғы «Рухтастар» премиясында біздің филиал «Үздік филиал» атанып, белсенді Олжас Қайдарұлы «Белсенді рухтас» номинациясын жеңіп алды. Мұның бәрі – Қарағанды жастарының белсенділігін айқындап, жастар бірлігінің үлгісіндей.

**– «Жастар Рухы» жастар қанаты қандай маңызды бастамаларды қолға алды? Болашақтағы жоспарларыңызбен бөліссеңіз...**

– Бүгінде Қарағанды облыстық филиалы жанында Жастарды қолдау кеңесі жұмыс істейді. Онда біз өңір жастарының өзекті мәселелерін талқылап, республикалық кеңеске ұсынамыз. Бұл мәселелер одан әрі Үкімет деңгейінде қаралады. Мысалы, вейп өнімдерін сатуға тыйым салу – біздің бастамаларымыздың бірі.

Сонымен қатар, жастар қанаты Жас көшбасшылар платформасын жүзеге асырды. Бұл жоба арқылы жас лидерлер оқытылып, партияның болашақ кадрлары қатарына қосылды.

Жақында өткен 2025 жылғы республикалық жастар лагерінде партия Төрағасы Ерлан Қошановтың алдында Мәжіліс жанындағы Жастар парламенті жобасына тарту туралы ұсыныс жасалды. Бұл бастама – ел дамуына үлес қосқысы келетін дарынды жастар үшін зор мүмкіндік.

**– Қарағанды жастары арасынан шыққан жарқын үлгі боларлық тұлғалар бар ма? Кімдерді атай аласыз?**

– Жастар ұйымында өзін-өзі тапқан, табысты жолын бастаған және қоғамға пайдасын тигізіп жүрген азаматтар жетерлік. Олардың арасында Асылхан Сейдахмет, Дастан Сағынаев, Ақсанат Тулесова және басқалары бар. Бүгінде олар «AMANAT» партиясының орталық аппаратында қызмет атқарып, ел дамуына үлес қосып жүр.

**– Өсіп келе жатқан жас толқынға айтарыңыз. Жастардың бойында қандай қасиеттер болуы керек?**

– Жастар ең алдымен білімге құштар, жауапкершілігі мығым, табанды және жаңашыл болуы керек. Сонымен қатар, өз халқының бай мәдениеті мен тарихынан хабардар болуы да маңызды. Әлемдік аренада бәсекеге қабілетті болуға ұмтылу – табыстың басты кілті. Ең бастысы – жастар өз орнын табудан қорықпауы тиіс, өйткені олар – елдің ертеңгі күші.

Сурет **автордан**

● «ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ»

# Еңбектенуді тоқтатпау керек

**Қыз-келіншектер қашанда сұлулыққа құштар. Бұл заманда өз көркіне өзі көз салмайтын, өзін-өзі күтпейтін нәзік жан жоқ. Қазіргі кезде нәзік жандардың ажарына ажар қосып алуына, тіпті, мүмкіндігі мол. Мұндай істі сән салондарының мамандары атқарады. Бара қалсаңыз, қасты да, кірпікті де, шашты да әрлеп береді. Шашыңыз түссе, я қасыңыз ұнамаса косметологтар табиғи жолмен де өсіре алады. Қарағандылық кейіпкер Айбану Өтеміс Түркиядан меңгерген жаңа әдісті Қазақстанның сән индустриясына енгізуде. Былтыр облыс әкімінің грантын ұтқан жас бүгінде кәсібін дөңгелетіп отыр.**

*Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,*
«Ortalyq Qazaqstan»



Айбану Алматқызы 2024 жылы Қарағанды облысы әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын «Serap Cinar» технологиясын қолдану – органикалық ремувер және шаш мезотерапиясы» жобасымен ұтқан болатын.

– Менің сән индустриясына қызығушылығым 2019 жылдан басталды. Сол жылы лешмейкердің бір апталық курсын бітіріп, сән салондарынан орын іздедім. Кейін салонға жұмысқа тұрып, қол жаттықтыра бастадым. Әрине, бастапқыда табыс көп болмады. Дегенмен, үйренуді тоқтатпадым. Бір жыл бойы бұдан да жоғары курстарға қатысып, өзімді дамытуға ден қойдым. Мен қыздарға бірыңғай қас пен кірпік жасап, табыс тауып жүрдім. Тек мұнымен шектелмей, қазіргі трендтегі нәрселерге қызығып, жеке салон ашқым келді. Әрине, оған өте көп қаражат керек. Сөйтіп жүргенде, 2024 жылы Қарағанды облысы әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты туралы естіп, бағымды сынап көруге бел будым. Нәтижесінде грант ұтып алдым. Қазір жұмысым бір жүйеге түскендей, – деді Айбану.

Қазір көптеген қыз-келіншектерде шаш түсу проблемасы бар. Бұл мәселемен ер азаматтарда да шағымданады. Кейіпкеріміз міне, сондай жандарға көмек бергісі келеді. Бастапқыда шаш пен қас өсіру туралы Түркияда оқытылатын курсты көріп, қатты қызыққан екен. Қаражат жағы қиындау болса да, ойында жүрген идеяны іске асыруға тастай бекінеді.

Айбану сұлулыққа ерекше мән беретін қауымға қас пен шаш өсіру және татуаждарды кетіру бойынша Түркиядан келген жаңа әдісті Қазақстанның сән индустриясына енгізгісі келеді. Осындай мазмұнмен бизнес жоспарын дайындап, жобасы қолдау тауып, облыс әкімінің грантына қол жеткізген екен.

Осылайша, жұмысты бастап кетеді. Алдымен оқуын оқиды, салон ішінен орын алып, жеткізушілермен келісіп, қажет құрал-жабдықтарды алдырады. Соның ішінде, лазерлік машина, шаш өсіретін аппарат алыпты.

– Грант ұтып алғаннан кейін, Түркияда білімімді жетілдірдім. Сөйтіп, ол технологияны Қазақстанның сән индустриясына алып келдім. Наурыз айынан бері дәруменмен шаш және қас өсіру, ремовермен татуажды, яғни, қас кетіру кәсібімен айналыса бастадым. Қазір кәсібім жақсы дамып келе жатыр деп айта аламын. Алғашқы клиенттерім Қарағанды қаласынан келді. Олар жұмысыма рақмет айтып, риза болып қайтады. Тиімділігін көргеннен кейін клиенттер Астана және Балқаш қалаларынан келіп жатыр, – дейді кейіпкер.

Қазір қарамағында бір маман қызмет атқарады.

«Бұл кәсіпті ашу бірден ойыма келген жоқ» дейді ол. Тапқан табыс күнкөріс қамынан аспаса, алдағы уақытта кәсіп ашуды жөн санайды. Әрі өзіне пайда, әрі адамдарға да септігі тиетін жұмыспен айналысу – өз алдына бөлек әңгіме.

– Адамдарға тек қана пайдам тиетін кәсіп болса деген оймен аштым. Сұлулықтың айнасы – нәзік жандардың жүзіне қуаныш сыйлау – менің арманым. Өзің жасап жатқан жұмыстың нәтижесін көрген сәт те ерекше. Адамдардан алғыс естісем, жұмысқа деген құлшынысым күшейе түседі, – дейді Айбану Өтеміс.

Жас кәсіпкер өз бизнесін одан әрі дамытуды көздейді, әрі басқа да қыздарға үйрету жоспарында бар.

– Біз секілді жастардың кәсіп ашуына ықпал етіп, көмек беретін Қарағанды облысының әкіміне рақметімді айтамын. Жастарға айтарым – еңбек бәрін де жеңеді. Кәсіп бастаған күннен-ақ, ісің дөңгеленіп, табысың бірден артып кетпейді. Тек еңбек етуді тоқтатпау керек. Сонда ғана жемісті, – дейді Айбану.

Сурет **автордан**

# Мақсаты айқын Мақсат

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

**Өңірдегі жетекші машина жасау кәсіпорындарының бірі – «Құрылысмет» ЖШС (НОММ зауыты) №2 өндіріс орнында 100-ге жуық жас маман жұмыс істейді. НОММ зауыты – Шахтинскідегі қала құраушы кәсіпорындардың біріне айналған әйгілі өндіріс ошағы. Сол жерде еңбек етіп жүрген жас жұмысшылардың бірі – Мақсат Тоханов.**

*Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,*
«Ortalyq Qazaqstan»



НОММ зауыты 1974 жылы үш электромеханикалық шеберхананың негізінде құрылған. Жарты ғасырлық тарихы бар өндіріс орны бүгінде «Qarmet» АҚ шахталарымен қатар Шахтинск қаласының қала құраушы кәсіпорындарының бірі саналады. Кәсіпорын шахта жабдықтарын, электр дәнекерленген болат құбырларды шығарады. Мұнда еңбек етіп жатқан жас мамандар еліміздің өндіріс индустриясын дамытуға, жаңа деңгейге көтеруге атсалысуда.

Қазір техникалық және жұмысшы мамандықтарға сұраныс артқан шақта, НОММ зауыты – жастар үшін кәсіби өсу мен табысқа жетудің алаңына айналып отыр.

Бүгінде «Құрылысмет» ЖШС №2 стандартталмаған жабдықтар мен шағын механикаландыру өндірісінің еңбек ұжымында 500-ден аса адам еңбек етуде. Зауыт болғасын да бұл жерге қажетті металл, құрал-жабдық пен керекті заттарды уақытылы жеткізу маңызды. Цех арасындағы көлік тасымалы, логистика да кәсіпорынның міндетіне кіреді.

«Құрылысмет» №2-ші өндіріс орны транспорт бөлімінің басшысы Мақсат Тоханов «Зауыт жұмысы – қызық әрі сан салалы» дейді. Айтуынша, бала кезінен техникаға, әртүрлі станоктарға қызығушылығы өндіріске келуіне сеп болған. Мақсатпен бірге зауытта өзімен құралыптас жастар еңбек етуде.

– Зауыт жұмыскерлерінің 35-40%-ы жастар. Дегенмен, көптеген жастар жеңіл жұмысты қалайды, ал, зауыттың жұмысы жеңіл-желпі қарайтын дүние емес. Десек те, бізге жұмыс істеуге жыл сайын жастар келеді. Қазір өндіріс орнында 35 жасқа дейінгі 97 жас бар. Зауыт қызметкерлері ортақ іске жұмылады. Кеше істелген жұмыс келесі күні қайталанбайды, яғни, бірінші күні дәнекерлеуші болсаң, екінші күні станокта істейтін токарь мен фрезеровкі жасайтын жұмысшы болып кете бересің. Мысалы, мен бір жылдан астам тау-кен жабдықтарын жөндеуші слесарь болдым. Жер асты, яғни, шахтаны қазатын комбайндарға күрделі жөндеу жұмыстарын өткізетінбіз. Әрбір редуктордың ішкі құрылысы мен жұмыс істеу тәртібі қызық болатын. Осылай зауытта жұмыскерлердің міндеті күнделікті ауысып отырады. Сөйтіп жүріп, қалай шыңдалғаныңды білмей қаласың, – дейді ол.

Мақсат Жұмабайұлы 2012 жылы Қарағанды политехникалық колледжін «Транспорт жөндеу және пайдалану» мамандығы бойынша бітірген. Алғаш келгенде зауыт жұмысының қыр-сырын білмейтін жас жұмыскерлерге тәжірибелі мамандар көмекке келіп, бағыт-бағдар көрсетеді екен. Мақсат та сол үрдістен өткен. Бүгінде жастарға көмек көрсететінін айтады.

– Біздің зауытта қалыптасқан үрдіс бойынша – жаңадан келген жас маман тәжірибелі, жұмыс өтілі көп маманға тапсырылады. 1-2 ай шамасында қасында жүріп үйренеді. Жастарға ненің қалай жасалатынын, қай жұмыстың қалай істелетінін көрсетіп үйретіп жіберсең, болашақта өз ұжымыңа тәжірибелі маман дайындап аласың. Жастар – біздің болашағымыз, әрбір тәжірибелі маман – еліміздің бір тірегі іспеттес, сондықтан ештеңеден қорықпай кірісіп кету керек, – дейді ол.

Сонымен қоса, еңбекқор жас Мақсат Тоханов бүгінде Шахтинск қаласының мәслихат депутаты.

*Сурет кейіпкердің мұрағатынан*

# Жер – ырыс, инвестиция – тыныс

**(Соңы. Басы 1-бетте)**

Сандарға жүгінсек, тек биылдың бірінші жартыжылдығында аграрлық секторда оң динамика төбе көрсетті. Алты айдағы ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 101,8 млрд теңгені құраған. Өткен жылға бұрылсақ, одан артық. Былтыр көрсеткіш 87,6 млрд теңге болған еді. Нақты көлем индексі де 103,1%-ды құрап отыр. Мал шаруашылығы саласында өндіріс көлемі 100,5 млрд теңгеге жетіп жығылды. «Әп, бәрекелді!» дейтіндей-ақ. Өсімдік шаруашылығы да өркенсіз емес.

Өндірілген өнім тура 1,2 млрд теңгені, нақты көлем индексі 127,6%-ды құрады. Ет өндірісінің 44,0 мың тоннаны құрап, былтырдан озық шыққан. Сүт өндірісі де өсіп, 102,6 мың тоннаны құрады. Мұнда тек, жұмыртқа өндірісі өткен жылмен салыстырғанда 94,6%-ға дейін кемігендей көрінеді.

Ілбіп емес, ілгерілеп келе жатқан мал шаруашылығын тұрақты дамыту үшін облыста не істелді? Әуел баста азықтық дақылдар алқабы 171,6 мың гектарға дейін едәуір ұлғайтылды. Статистика деректері облыс аумағында 430,7 мың бас ірі қара, 370,4 мың бас жылқы, және 684,4 мың бас қой-ешкі бар дейді. Енді мал басын қытымыр қыстан есен шығару үшін 1,9 млн тонна шөп дайындалуы тиіс. Міндет айқын. Шөп шабу кезеңін уақытылы әрі ойдағыдай орындау үшін өңірде 4 532 шалғы, 3 107 тырнауыш, 1 788 сырма, және 987 пресс-жинаушы техникасы кідіріссіз кіріс қылуда. «Жайылым жер жоқ» демеңіз, облыстағы үш орман шаруашылығы кәсіпорны қарамағындағы 21 мың гектар мемлекеттік орман қоры мал азығының аясын кеңейтуге мейлінше мүмкіндік. Оның 2,0 мың гектары – шабындық, 20,0 мың гектары – жайылымдық алқаптар.

Шабындықтар шаруаны шаршатпайды. Облыс аумағында мал азығын дайындау жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру мақсатында өңірлік жұмыс тобы мемлекеттік және орман қорындағы жерлерді шөп шабуға беру жолындағы жүргізіп жатқан жұмысы аса ауқымды. «Пәлі» дегізерлік бастама аграрлық сектордың азықтық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қыстық мал азығын дайындау шеңберін кең етек қылып кеңейтуді көздеді. Сенбесеңіз, «Қарағанды орман және жануарлар дүниесін қорғау кәсіпорны» мемлекеттік мекемесі аумағында 2439 гектар жайылым, 95 гектар шабындық жер бар. Анықтасақ, «Ақтоғай орман және жануарлар дүниесін қорғау кәсіпорны» мемлекеттік мекемесінің қарамағында 8457 гектар жайылым, 568,9 гектар шабындық тіркелген. Қызығушылық танытсақ, «Қу орман және жануарлар дүниесін қорғау шаруашылығы» құрамында 1097 гектар шабындық, 6271 гектар жайылымдық жер қарастырылған. Гәп мынада. Аумақтарды мақсатты түрде тиімді пайдалануләзім. Сонда ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің азық дайындау мәселесі едәуір жеңілдейтіні анық. Ал, соңыра шөп шабу науқаны қарқынды жүрген болса, мал басын қыстан шығынсыз алып шығамыз.

## Тамған тер – толған қамба

Қош делік, дерек пен дәйек кірпік қақпай мәліметті нақ берді. Есесіне кәнігі маманның сөзі сенімге секем алдырмасы анық. «Күзден не күтеміз?» деген рәуішті сауалымызға облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов мырза ауыл шаруашылығына рекордтық деп бағамдарлық инвестиция игілігінің келгенін көлденең тартты.

– 34 жаңа жоба іске асады. Нәтижесіз емеспіз. Өңір бойынша 1350,7 мың тонна шөп, 4,5 мың тонна пішендеме дайындалды. Агроөнеркәсіп кешенінің негізгі капиталына 31,4 млрд теңге инвестиция құйылды. Басым бөлігі ауыл шаруашылығы саласына қарата сарп етілді. Азықтүлік өндірісіне 4,7 млрд теңге жұмсалды. Ішкерідегі нарықты сапалы отандық өніммен қамту межесі кенже қалмады. Облыс агроөнеркәсіп кешенінде тек өнім өндіре берумен шектелмей, оның экономикалық әлеуетін де арттыра түсті, – деді спикер.



Серпін сенім ұялатады. Әр жоба маңында мыңдаған демесек те, жүздеген жұмыс орны ашылып жатқаны да айғақты іс. Жалпы құны 47,1 миллиард теңгені құрамақ. Жоспар жойдалы. Түп нәтижесінде 365 жаңа жұмыс орны құрылады. Жоба атаулысы ауыл шаруашылығының үш негізгі бағытын қамтиды. Мал шаруашылығы саласына оралсақ, жалпы сомасы 14,3 миллиард теңгеге жеті жоба қолға алынып, 144 адам жұмысқа орналасады. Өсімдік шаруашылығының айналасында 19 жоба жүзеге асырылып жатыр. Құны – 27,5 миллиард теңге болса, қосымша 113 жаңа жұмыс орны ашылады. Азықтүлік өнімдерін қайта өңдеу өрісінде 4,1 миллиард теңгеге сегіз жоба іске асырылады. Соңыра таман 126 адам еңбекпен қамтылмақ. Бармақ бүгіп санай бастағанымызда қазірде 10 миллиард теңгенің жеті жобасы нақты іске қосылғанын, 74 адам жұмыспен қамтылғанын аңғардық. Оның ішінде, мал шаруашылығы шеңберінде бір жетелі жоба жүзеге асып, 4,2 миллиард теңге инвестиция тартылып, 20 адамға жұмыс берілген. Өсімдік шаруашылығы өрісінде бақандай бес жоба өркендеп, жалпы құны 900 миллион теңгені құраған. Қайта өңдеу саласында 1 миллиард теңгеге бір жоба іске қосылып отыр. «Ауылдың ахуалы» дегенде оның экономикасына темірқазық боларлық осы орайлы да жағымды жайттарды неге атамасқа?! Жыл соңына дейін тағы да бірнеше жобаның іске қосылуы жоспарланып отыр.



Тұрақты өсім мұратты бекем етпек. Жыл соңына дейін ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 522,0 миллиард теңге деңгейінде болады деп болжанады. Өткен жылмен салыстырған болсақ, 106,4%-ға жоғары көрсеткіш. Азықтүлік өнімдерін өндіру саласындағы өсім де айқын. Ет өндірісі 103,4 мың тоннаға жетеғабыл. Сүт өндірісі 217,7 мың тоннаны құрап, 103,2%-ға өседі. Ал, тамақ өнімдерін өндіру секторына 10,5 млрд теңге инвестиция тартылмақ. Қарқын қар талдырады. Әлбетте, үр жаңа технология енгізу, мемлекеттік қолдау тетіктері мен инвестициялық белсенділік салаға шырай сыйлары айтпаса да түсінікті. Арман не, алда дәл осы қарқынды сақтап қалу және одан әрі дамыта түсу ендігі мүдде.

– Алда – егін орағы. Басты мақсат – сан соқтырмас сапа мен тастай тұрақтылық. Науқанға дайындық жүріп жатыр. Тастүйін тапсырма – егін орағын сапалы және уақытылы өткізу. Өңір диқандары биылғы орақ маусымына тыңғылықты дайындалуда. Биыл дәнді дақылдарды жинау алқабы 914,7 мың гектарды құрайды. Бидай – 779,2 мың гектар, арпа – 117,3 мың гектар, сұлы – 11,5 мың гектар, дәнді-бұршақты дақылдар – 3,2 мың гектар. Биыл егіс алқаптарын әртараптандыру жұмыстары оң нәтиже беріп отыр. Майлы және азықтық дақылдардың көлемі айтарлықтай ұлғайтылды. Азықтық дақылдар алқабы 10,8 мың гектарға ұлғайып, 55,5 мың гектарға жетті. Тек дәстүрлі дақылдармен шектелмей, көкөніс пен картоп өндірісі де өз үлесін қосуда. Картоп – 14,7 мың гектардан жиналады, оның ішінде, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үлесі – 10,7 мың гектар, көкөніс – 2,06 мың гектардан жиналады, – деп дәйектеді сөзін Сырым Бейсебайұлы.

## Алаң мен алқап

Не дейміз, жауапты шақта табиғат тосын мінез танытқанымен, шаруа тоқтаған жоқ. Жоспар – айқын, міндет – маңызды: әр гектардан барынша өнім алып, астық қоймаларын толтыру қажет. Алдын ала жасалған астық-жем теңгерімі биылғы жағдайға шынайы көзқараспен қарауға діттегендей. Орташа түсім гектарына 9,8 центнер көлемінде болады деп күтілуде. Соның ішінде бидай – 767,9 мың тонна көлемінде болмақ. Көңіл көзі әріде. Иә, биылғы науқанның көрсеткіштері біршама төмен, дегенмен, күтілетін астық ресурстарының көлемі өңірдің негізгі қажеттіліктерін жабуға толық мүмкіндік береді.

Жіпке тізіп жіліктегенде, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер өз-өзін тұқыммен қамтамасыз ете алады: дәнді дақылдар тұқымына қажеттілік – 103,1 мың тонна, картоп тұқымына – 31,5 мың тонна. Сонда алынған өнімнің бір бөлігі қаржы институттары мен екінші деңгейлі банктер алдындағы берешектерді жабуға жұмсалады. Картоп алқаптарындағы орташа түсім гектарына 240 центнер деңгейінен асса, кемімесі кәдік. Яғни, шамамен гектарына 353,2 мың тонна картоп жиналады деген сөз. Ал, көкөніс шаруашылығында гектарына 330 центнер өнімділікпен 66 мың тонна көкөніс жиналып қалады. Көзайым көрсеткіш – ауыл еңбеккерлерінің маңдай терінің өтеуі, қажырлы еңбектің жемісі. Жыл басынан бергі ауа райының құбылмалылығы мен алапат аптапқа қарамастан, жер ананың берер ырысы – әлі де мол. Егін даласындағы тіршілік енді басталды. Диқан үшін әр күн, әр сағат – маңызды.

Астық алқаптарындағы жағдай тұрақты, бірақ, қауіп те жоқ емес. Соған қарамастан, егістіктің жалпы жағдайы – қанағаттанарлық. Қазіргі таңда дәнді дақылдардың 57,2%-ы (523,3 мың гектар) жақсы күйде, ал, 38,3%-ы (350,7 мың гектар) – қанағаттанарлық деп бағалануда. Өкінішке қарай, 4,2% (38,6 мың гектар) алқаптың жағдайы нашар. 2,1 мың гектар немесе 0,2% алқап әртүрлі себептермен жойылған.

Егіннің даму фазасына келсек, оның басым бөлігі пісіп-жетілу сатысында. Мәселен, 20 мың гектар (2,2%) – түтікке шығу фазасында; 16,6 мың гектар (1,8%) – масақтану кезеңінде; 177,1 мың гектар (19,4%) – гүлдену сатысында. Қалған егістік пісіп-жетілу кезеңіне көшкен. 251 мың гектар – сүттену, 176,9 мың гектар – сүтті-балауыздану, 239,4 мың гектар – балауыздану, 30,8 мың гектар – толық пісіп-жетілу фазасында тұр. Ауа райының қолайлылығы және орақ техникасының дайындығы – биылғы түсімді айқындайтын негізгі факторлар. Табиғатпен қатар, тағы бір сынақ – киліккен киіктер шоғыры. Әсіресе, Абай, Нұра және Шет аудандарындағы бірқатар шаруашылықтарға киік тұяғының табы елеулі залал әкелген. Бұл үш аудан – Бетпақдала популяциясының табиғи мекен ету аумағы. Соңғы есеп бойынша, Абай ауданында 6 ауылдық округ, Нұрада – 11, Шетте – 2 ауылдық округ орналасқан барлығы 19 округте киік санының айтарлықтай өсуі тіркелген. Ерекше экологиялық жағдай. Оның үстіне, Абай мен Нұра аудандары – облыстағы негізгі астықты өңірлердің бірі екенін ескерсек, мәселе тек экологиялық қырынан ғана емес, аграрлық қауіпсіздік тұрғысынан да өзекті.

Мамандар қазірде осы аумақтарда жағдайды бақылауға алып, егістікке келтірілген залалды есептеу әрмен қарай мүмкін болатын шығынның орнын толтыру тетіктерін қарастыруда. Егін алқаптары толысып, орақ жақындаған сайын диқандардың үміті де, жауапкершілігі де арта түседі.

Зардап шеккен шаруашылықтардың саны да аз емес. Абай ауданында – 43 шаруашылық, Нұра ауданында – 50 шаруашылық, Шет ауданында – 34 шаруашылық шығынға ұшырады. Салыстырмалы түрде алғанда, бұл – соңғы жылдардағы ең үлкен көлемдегі залал.

Шаралар қабылданып жатыр, бірақ... Жағдайды бақылау және залалды азайту мақсатында облыстың барлық өңірлерінде «Охотзоопром» кәсіпорнының өкілдері, ауыл шаруашылығы құрылымдарының мамандары мен жергілікті әкімдік қызметкерлері күнделікті кезекшілік ұйымдастырып, киіктердің қозғалысын бақылауда ұстап отыр. Алайда, қолданылып жатқан шараларға қарамастан, егіс алқаптарын таптау фактілері әлі де тіркелуде. Бұл жағдай шаруалар үшін ғана емес, облыс экономикасы үшін де алаңдаушылық тудырады. Киіктер – табиғат аманаты. Бірақ олардың санын реттеу мен ауыл шаруашылығы мүддесін тең дәрежеде қорғау – мемлекет алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі. Қазір диқандар табиғатпен күреспей, оны түсіне отырып, еңбегінің жемісін аман сақтап қалуға тырысып жатыр.

## Қолдау қоржыны қомақты

Ауыл еңбеккерлері үшін мұндай күндер – сынақпен өрілген еңбек маусымы дерсіз. Табиғаттың тосын мінезінен кейін енді дала еркесінің тұяғынан зардап шеккен шаруалар алғы өнімін жинауға кіріскен. Қазірдің өзінде Абай мен Нұра аудандарында кейбір шаруа қожалықтары егінге орақ салып үлгерді. Жағдай күрделі, не дегенімізбен, жұмыс тоқтаған жоқ. Осыған байланысты, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер тарапынан киік санын реттеу, сондай-ақ, егіс алқаптарын қоршауға жұмсалған шығындардың бір бөлігін субсидиялау жөнінде мемлекеттік қолдау көрсету туралы нақты ұсыныстар жолдануда. Келелі мәселе – шаруалардың кезекті бір өтініші емес. Қаймана елдің азықтүлік қауіпсіздігіне әсер ететін өңірлік деңгейдегі өткір сұрақ. Жауапкершілік жүгі жеңіл емес.

Облыс бойынша әзірге 3 мың гектардан астық жиналып, орташа өнімділік 8 центнерді құрады. Барлығы 2,4 мың тонна астық бастырылды. 204 мың гектар ерте пісетін картоп алқабынан 4,1 мың тонна өнім жиналды. Орташа өнімділік гектарына – 202,9 центнер. Жалпы, жаппай орақ науқаны сарша тамыздың соңында, қыркүйек басында басталады деп күтілуде. Қазір шаруалар дайындықты соңғы кезеңге жеткізуде. Техника сақадай сай. Егін жинау науқанына облыс бойынша 1 976 астық жинайтын комбайн, 220 картоп жиятын комбайн, 162 картоп қазатын машина жұмылдырылмақ.

Әл-әзір заманбап техникалардың дайындық деңгейі – 98%. Жөндеу жұмыстары, техникалық байқау, жанар-жағармаймен қамтамасыз ету шаралары қарқынды жүріп жатыр. Диқандар әр сәтті бағалап, бірде-бір минутты ысырап етпеуге тырысуда. Табиғатпен бетпе-бет келген ауыл шаруашылығы мамандары үшін бұл – тек еңбек маусымы ғана емес, шыдам мен табандылықтың, сенім мен үміттің кезеңі. Алдын ала есептеу бойынша, барлық комбайндардың тәуліктік өнімділігі 43,2 мың гектар болғанда, егін жинау 24 күнтізбелік күнде жүргізіліп қалады.

Күзгі дала жұмыстары да қарқын алды: дизель де бар, тыңайтқыш та дайын. Жауапты науқанға дайындықты ерте бастаған облыс шаруашылықтары бүгінде жаппай егін орағына, тыңайтқыш себуге, топырақ өңдеуге бел шешіп кірісіп кеткелі қашан. Дизель отыны – шаруаларға литрі 250 теңгеден. Күзгі дала жұмыстары үшін 19,6 мың тонна көлемінде арзандатылған дизель отыны бөлінді. Шілиңгір шілдеде – 1,04 мың тонна, тамылжыған тамызда – 11,4 мың тонна, қырмандағы қыркүйекте – 7,0 мың тонна, қазан айында – 0,06 мың тонна деген мөлшер бар, орта есеппен. Мұнай өнімдерін жеткізу жұмыстарын «Мұнай-Company» мен «Retail Trade Oil» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерінің операторлары кестеге сай жүзеге асыруда. Дизельдің литрі – бар болғаны 250 теңге. Тыңайтқыш – өнімділіктің кепілі. Астықтың мол болуы тек ауа райына емес, жердің құнарлылығына да тікелей байланысты. Сондықтан, биыл минералды тыңайтқыштарды пайдалану көлемі айтарлықтай артты.

Облыс бойынша 93 мың тонна тыңайтқыш енгізу жоспарланған. Бүгінгі күнге дейін шаруашылықтар 65,6 мың тоннаға шарт жасасты. Соның 64,9 мың тоннасы тасылып алынды. Күзгі қолдануға қажетті тыңайтқыштар бойынша шарт жасасу жұмыстарында кідіріс жоқ. Отандық өнімге – нақты қолдау ретінде салалық басқарма отандық тыңайтқыш өндіруші зауыттарды қолдауға да ерекше назар аударуда. Биыл екі қазақстандық зауыттың шотына 1,6 млрд теңге көлемінде қаржы аударылды. 9,8 мың тонна аммофос алуға – 1 304,5 млн теңге, 3,4 мың тонна аммиак селитрасына – 286,6 млн теңге.

Былтыр ауыл шаруашылығын қолдауға бағытталған мемлекеттік субсидиялар айтарлықтай ауқымға жеткен еді. Аванстық төлемдер шеңберінде 3 338 тонна аммофос, яғни, 402 миллион теңгеден астам көлемде, 1 561 тонна аммиак селитрасы, шамамен 129 миллион теңге субсидияланды. Еселегенде облыстағы астық сақтау мәселесі де толық шешімін тапқан: жалпы сыйымдылығы 1 209,5 мың тоннаға жететін қамба қуаттары дайын. Лицензияланған элеваторлар да өзіне бек сенімді: «Осакаровка Нан» – 59 мың тонна, «Орталық Қазақстан элеваторы» – 32,5 мың, «Сарыбел Нан» – 36 мың және де «Daratt» – 17,5 мың тонна сыйымдылықпен ауылшаруашылығы өнімдерін сақтауға әзір. 83 мың тонна сыйымдылықтағы үш лицензиясыз астық қабылдау кәсіпорны, шаруашылықтардағы 598 қойма – 982 мың тонна астықты сенімді түрде сақтауға мүмкіндік ұсынып тұр. Жаңа астықты қабылдауға кәсіпорындардың материалдық-техникалық базалары сақадай сай. Картоп пен көкөністі сақтау үшін арнайы 138 қойма бар. Сыйымдылығы 340,2 мың тоннаны құрайды.

Көктемгі егіс пен егін жинау науқанында қарқын бәсеңдемес. «Аграрлық несие корпорациясы» акционерлік қоғамы арқылы жүзеге асырылған «Кең дала», «Кең дала 2» бағдарламалары аясында 248 шаруашылық құрылымы 14,1 млрд теңге көлемінде қаржыландырылды. Жылдың басынан бері 12,1 млрд теңге көлемінде қолдау көрсетілді. Ауыл шаруашылығын техникалық қамтамасыз ету де назардан тыс қалған жоқ. «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы арқасында 219 шаруашылыққа 8 млрд теңге несие беріліп, 529 бірлік заманауи техника сатып алынды. Мемлекеттік қолдау аясында көктемгі және күзгі дала жұмыстарына 5 млрд теңге субсидия бөлінді. Қомақты қаражатқа тұқым шаруашылығын дамытуға – 600,5 млн теңге, пестицидтердің құнын өтеуге – 2,3 млрд теңге, су жеткізу қызметтеріне – 148,2 млн теңге, тыңайтқыштардың құнын субсидиялауға – 1,98 млрд теңге жұмсалуда.

## Сөз соңында

...Ала жаздай аспан астында қарбаласқан диқан мен мал азығына маңдай терін сіңірген еңбеккердің үргедек үміті күрең күздің алтын арқауы-дүр. Қыстың қамын жаз ойлаған ел ертеңге селкеусіз сеніммен қарекетін әсте тоқтатпайды. Зеңгір көктен жауын азырақ тамғанымен, қара жерден қазына ортаймас. Шаруалар қауымы биыл да босаңсымады, белін бекем буды. Президент пәрмені – бағдар. Мемлекеттің мейірі – тірек. Ал, шаруа – елдің еңсесі. Ауыл – елдің жүрегі. Биылғы алтынқоңыр күз – сынақ пен сенімнің аралығындай. Теңдессіз техниканың «тісі» қайраулы. Қойма мен қамба іші даяр. Шөп шабу науқанында ширақтық аңдалады. Ендігі бар күш – орақ науқанына арналмақ. Қырмандағы қимыл күннен күнге үдей түседі. Жолдау жолындағы жүйелі жұмыс пен жер емген бұқара халықтың қажыр-қайраты тоғысып, ауыл экономикасын жаңа белеске көтеріп келеді. Қара жерге тамған тер – қазыналы қамбаға айналатын күн де алыс емес. Тың жерге түрен салған жұрттың тілеуі бірақ: «береке болсын» дейді!

*Суреттер ашық дереккөзден*

● БІЛІМ ОРДАЛАРЫНДА

# Асыл мұратымызға қол жеткіздік!

**Өткенге үңілсек, қабырғалы қара шаңырақ – Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің тарихы сонау 1938 жылы мұғалімдер институтының ашылуымен басталады. Сол жылдардағы Қарағанды облысының қарқынды индустриялық дамуы халық арасында мәдениет пен білім беруді кеңінен таратуды талап етті. Өңірде жоғары оқу орнының ашылуы үлкен, ұлы мақсаттарға жол ашқан игі бастама болды. Білім беруге білек сыбана кіріскен Қарағанды мұғалімдер институтына сол тұста Ленинград және Алматы қалаларынан оқытушылар, орта мектептерден жоғары білімі бар бірқатар педагог мамандар жіберілді. Қарлагтан босап шыққан революцияға дейінгі педагогикалық тәжірибесі бар ғалымдар мен мамандар да институттың оқытушылар құрамын едәуір күшейтті. Герцен атындағы Ленинград педагогикалық институты қамқоршылық көмек аясында бірнеше мың томдық оқу және ғылыми әдебиеттерді тегін табыстап, соның арқасында институт жұмысының алғашқы жылдарында 7 мыңнан астам кітап қорынан тұратын кітапхана құрылды. Институттың бірінші басшысы болып Р.Репалова тағайындалды. Кеншілер астанасының өміріне етене енген Қарағанды мұғалімдер институты Орталық Қазақстан мектептеріне мұғалімдер даярлап, өзінің тарихи миссиясын орындады. Соғыстан кейінгі жылдардың өзінде жартысынан көбін қазақ жастары құраған 1000-нан астам мұғалім даярланды.**



1952 жылы біліктілігі жоғары кадрлар даярлау мақсатында Қарағанды мұғалімдер институты Педагогикалық институт болып қайта құрылды. Сол күннен бастап университет болып қайта құрылғанға дейін Педагогикалық институтқа С.Баймурзин тұрақты басшылық етіп, университеттің қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосты. Жоғары мәртебеге ие болған университетте жаңадан факультеттер, кафедралар, оқу-әдістемелік кабинеттер мен ғылыми-зерттеу зертханалары ашылады. Енді ашылған жаратылыстану факультетіне ерекше көңіл бөлінеді. Нәтижесінде, ғылыми-зерттеу жұмысы жаңа сапалы деңгейге көтеріледі. 1958 жылдан бастап «Ғалымдар жазбалары» атты дербес ғылыми мерзімді басылым жарық көрді, 1962 жылы оқу орнының төрт кафедрасында аспирантура ашылды. 1970 жылдардың басында құрамында 28 кафедра мен 5 факультеті бар Қарағанды мемлекеттік педагогикалық институты бірінші санатты жоғары оқу орнына айналды.

Республикада университеттік білімі бар мамандар даярлауды кеңейту мақсатында 1972 жылы Қарағанды педагогикалық институтының базасында Қарағанды мемлекеттік университеті ашылды. Үкімет қаулысында университетті Алматы және республиканың басқа да жоғары оқу орындары негізінде ғылыми-педагогикалық кадрлармен толықтыру жөніндегі шаралар белгіленіп, материалдық-техникалық базаны нығайтуға қаражат көзделді, сондай-ақ, жаңа университеттік корпустар мен жатақханалар, оқытушылар үшін тұрғын үй салуға рұқсат етілді. Университеттің тұңғыш ректоры болып академик Е.Бөкетов тағайындалды. Айналасына нұрын шашқан нар тұлға, көп қырлы талант иесі – жалпыға танылған химия және халькогендер технологиясы ғылыми мектебінің негізін қалаушы, КСРО Жазушылар одағының мүшесі, педагог университетке басшы болған жылдарында ұйымдастырушы ретінде өзінің таланты мен қарым-қабілетінің арқасында оқу орнын өрге сүйреді. Университеттің алғашқы жылдарында ауыртпашылықтар көп болды. Барлық мамандықтардағы студенттерді оқытуды университеттің оқу жоспарларына көшіру, оқу бағдарламаларын әдебиеттермен қамтамасыз ету, тиісті материалдық-техникалық база құру қажет болды. Университеттің тұңғыш ректоры Е.Бөкетовтің айрықша талантының арқасында жоғары оқу орны қысқа мерзімде өңірдің жетекші оқу-әдістемелік және ғылыми орталығына айналды. Жаңа факультеттер мен кафедралар ашылып, еліміздің түпкір-түпкірінен жас кәсіби мамандар шақырылды, ғылымды дамыту үшін қажетті жағдайлар жасалды. Оңтүстік-Шығыс тұрғын үй алабының аумағында университет қалашығының сәулет нысандары бой көтере бастады. Университеттің алғашқы ректоры, академик Е.Бөкетовтің тарихи рөлін ескере отырып, 1991 жылы ҚарМУ-ға оның есімі берілді.

Одан кейінгі онжылдықтарда да университет белсенді дамып, Орталық Қазақстан ғана емес, бүкіл республикадан келген таланттарды түлеткен маңызды орталық ретінде танылды. Осы жылдары факультеттер мен кафедралардың саны ұлғайып, сұранысқа ие жаңа білім беру бағдарламалары енгізілді, ғылым докторлары мен кандидаттарының саны артты. Университетке бөлінген 65 гектар жер учаскесінде жаңа оқу-зертханалық корпустар, студенттік жатақханалар құрылысы белсенді жүргізілді, студенттер сарайы, спорт кешендері, санаторий-профилакторий және тағы басқа да нысандар салынды.

1996 жылы университет құрамына құрылуы мен дамуында оның ректоры, ҚР білім беру ісінің еңбек сіңірген қызметкері С.Досмағанбетов ерекше рөл атқарған Қарағанды педагогикалық институты кірді.

Педагогикалық институттың қосылуы ҚарМУ-дың еліміздегі іргелі білім беру және ғылыми орталық ретіндегі ұстанымын едәуір нығайта түсті. Мамандар даярлау тізбесі педагогикалық мамандықтармен кеңейтілді, студенттер мен оқытушылар саны артты, жаңа факультеттер мен кафедралар пайда болды, жоғары оқу орнының жалпы ауданы 50 мың шаршы метрден асатын аумақты құрады.

Тәуелсіздіктің алғашқы онжылдықтарында Қазақстанның білім беру жүйесі реформалаудың бірнеше кезеңінен өтті. Осы бір күрделі кезеңде ҚарМУ ғылыми-білім беру әлеуетін сақтап қана қоймай, өзінің қызмет ауқымын кеңейтті. Университет халықаралық стандарттардың талаптарына сәйкес ұлттық білім беру моделін қалыптастыруда көшбасшылардың бірі болды. Ұжым белсенді түрде ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жалғастырды.

Елу жылдан аса тарихында университет еліміз үшін 130 мыңнан астам жоғары білікті мамандар даярлады. Университет қабырғасынан қоғам және саяси қайраткерлер, генералдар, кәсіпорын басшылары, ғалымдар, танымал педагогтер, инженерлер, шығармашылық зиялы қауым өкілдері бар белгілі тұлғалар түлеп шықты.

2024 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне зерттеу университеті мәртебесі берілді және жоғары оқу орнының 2024-2028 жылдарға арналған даму бағдарламасы бекітілді. Бағдарламаның мақсаты – Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетін зерттеу университетіне айналдыру. Ол үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің барлық деңгейлерінде ғылыми қызмет пен білім беру процесінің интеграциясы жүргізілуде, іргелі және қолданбалы ғылым саласындағы жобалар іске асырылуда, ғалымдардың ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелерін енгізу арқылы университеттің өңір экономикасына қосатын үлесі артып келеді.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің даму бағдарламасының мақсатты ұстанымдарына қол жеткізу үшін келесі стратегиялық бағыттар бойынша іс-шаралар өткізу жоспарлануда:

1) менеджментте тәжірибе алмасу, білім беруді интернационалдандыру, ғылыми ынтымақтастық және инновациялық салаларда бірлескен жобалар құру үшін отандық және шетелдік зерттеу университеттерімен коллаборация;

2) прогрессивті идеялардың, заманауи технологиялардың қоғам мен өңір өнеркәсібіне әсерін кеңейту мақсатында өңірлік қоғамдастықпен, үкіметтік емес ұйымдармен, жергілікті атқарушы органдармен және басқа да стейкхолдерлермен интеграция және өзара іс-қимыл;

3) орнықты даму, «жасыл» технологиялар, жасанды интеллектіні дамыту, қоғамды және қоршаған әлемді цифрландыру жағдайында адамның әлеуметтік бейімделуі бағытында іргелі және қолданбалы жобаларды іске асыру;

4) білім алушыларда патриотизмді, діни, этносаралық және конфессияаралық толеранттылықты, орнықты даму мақсаттарына бейілділікті қалыптастыру және дамыту үшін шаралар қабылдау және іс-шаралар ұйымдастыру;

5) түлектердің ғылымның қазіргі деңгейін көрсететін іргелі білімді игеруіне және оларда hard-, soft- және digital skills, шығармашылық дағдылар мен кәсіпкерлік қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған білім берудің барлық деңгейлерін дамыту;

6) цифрлық білім беру ортасын жетілдіру және әлемдік озық практикалар мысалында білім беру экожүйесін құру;

7) талапкерлерді іріктеу жүйесін жетілдіру және студенттерді, магистранттарды, докторанттарды қабылдау географиясын кеңейту;

8) академиялық ортаны, университеттің білім беру бағдарламаларын басқару жүйесін пәнаралық және транспәндік оқыту тәсілдерін құру арқылы, оның ішінде республиканың және шетелдің басқа да университеттері мен ғылыми-зерттеу университеттерінің мамандарын тарта отырып, трансформациялау;

9) жоғары оқу орнының заманауи инфрақұрылымын құру, материалдық-техникалық және зертханалық кешенді жаңғырту.

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің даму үшін елеулі әлеуеті бар. Бұған дәлел ретінде 70 гектардан астам аумақта орналасқан өзінің дербес кампусы (11 оқу корусы, 7 жатақхана, студенттер сарайы, бірнеше стадиондар мен спорт алаңдары) бар санаулы өңірлік жоғары оқу орындарының бірі екенін және университет аумағының 60%-дан астамына құрылыс жүргізілмегенін айта кетуіміз керек. Соңғы жылдары жоғары оқу орнының шағын бюджетіне қарамастан, университет өз қаражаты есебінен «Akylbaev Research Center» технопаркін (ауданы 2000 ш.м.), инновациялық термос-жылыжай (ауданы 250 ш.м.) салды, дендросаябақ (ауданы 1,6 га) құрды, 132 орындық жатақханадағы денсаулық сақтау пунктінің ғимаратына реконструкциялау жүргізді, 500 орындық жаңа 9 қабатты жатақхананың құрылысын тәмамдауға жақын.

Университеттің 2024-2028 жылдарға арналған даму бағдарламасын одан әрі іске асыру аясында ауданы 10 мың шаршы метрден асатын химия факультетінің оқу-зертханалық корпусының құрылысы (іске асыру кезеңі: 2026-2028 жж.), «Баламалы энергетика» полигонының құрылысы (іске асыру кезеңі: 2025-2026 жж.) спорт алаңдары мен әкімшілік-тұрмыстық кешені бар далалық ашық стадион құрылысы (іске асыру кезеңі: 2025-2026 жж.) жоспарлануда, сондай-ақ, жаратылыстану-ғылыми бейіндегі ғылыми орталықтар мен факультеттерді материалдық-техникалық жарақтандыру мақсатында зертханалық жабдықтар сатып алу көзделіп отыр. Бекітілген бағдарламаға сәйкес қаржыландыру көзі – тартылған бюджеттік инвестициялар және жоғары оқу орнының меншікті қаражаты.

Мақалаға материал дайындау қарсаңында университеттің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жастарды тәрбиелеуге қосқан үлесін, зор әлеуетін, ғалымдар іске асырып жатқан ғылыми жобаларды және бағдарламаны ескере отырып, Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне айрықша мәртебе – Ұлттық университет мәртебесін беру туралы бастама жасаған болатын. Бұл бастаманы Үкімет қолдап, Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев мақұлдады («Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына ерекше мәртебе беру туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің N 648 Жарлығы.). Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті ұлттық университет мәртебесін алған алғашқы өңірлік жоғары оқу орны болды. Бұл жаңалық ел арасына тез тарап, университеттің сан мыңдаған ұжымының мақтаныш сезімін тудырды, ардагерлеріміздің қосқан үлесі мен еңбегі ақталып, Қазақстанның әр өңірінде және шетелде жұмыс істейтін мыңдаған түлектерді бақытқа бөледі. Көп жылдар бойы бар күш-жігерін біздің университетке жұмсаған барлық адам: «Біз асыл мұратымызға жеттік! Біздің университет – Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті Ұлттық Зерттеу университетіне айналды», – деп мақтанышпен айта алады.

**Нұрлан ДУЛАТБЕКОВ,**
**Академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің Басқарма Төрағасы-Ректоры, ҚР Президенті жанындағы ҰҒА академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор**

# «Артық білім – кітапта...»

**Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,**
«Ortalyq Qazaqstan»

**Биыл елімізде тұңғыш рет 23 сәуір – Ұлттық кітап күні атап өтілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен Атырауда өткен Ұлттық Құрылтайда бұл күн ресми бекіген еді. Президент салтанатты жиында: «Озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы – кітап оқу. Сондықтан, кітап оқу мәдениетін қоғамда барынша орнықтыруымыз керек», – деп айтқан еді. Сол айтылған, бастама бүгінде іске асып келеді. Оның айшықты дәлелі – 3 айға созылған «100 кітап» жалпыұлттық сауалнамасы.**


Сурет ашық дереккөзден

Қазақ әдебиетін кеңінен насихаттауды мұрат тұтқан бұл жоба 23 сәуір басталып, күні кеше болған Абай Құнанбайұлының 180 жылдығының қарсаңында өз мәресіне жетті. Жобаның жүзеге асуына мұрындық болған Ұлттық Құрылтай мүшелері халықтың кітап оқуға деген құштарлығын арттырып, жаңа мәдениет қалыптастыруды көздеді.

100 КІТАР

Сауалнама eGov.kz электронды Үкімет порталында және eGov Mobile қосымшасы арқылы жүргізілді. Нәтижесінде 100 мыңнан аса адам дауыс берген екен. Әрбір оқырман өзіне ұнаған он шығарманы таңдап, жобаға өз үлесін қосты.

Тізімге қазақ әдебиетінің заңғар жазушыларының классик туындыларынан бастап, бүгінгі таңда қалам тербеп жүрген ақын-жазушылардың да шығармалары енді.

Толық тізім Ұлттық Құрылтайдың ресми сайтында жарияланды. Алдағы уақытта да бұл жоба жалғасын тауып, жыл сайын тізім жаңартылып отырады.




# Ұлт руханиятының ұлы күні

**10 тамыз – қазақтың ұлы ойшылы, кемеңгер ақын, демократ, ағартушы Абайдың туған күні. Биыл хакімнің жарық дүние есігін ашқанына 180 жыл толып отыр. Бұл мерейтой – ұлттық сананы жаңғыртудың, рухани құндылықтарды дәріптеудің, елдік рухты асқақтатудың асқақ мерекесі, айрықша белесі.**




**Ермек БАЛТАШҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Абай мерейтойы тек Қазақстан көлемінде ғана емес, алыс-жақын шетелдерде де кең көлемде аталып өтуде. Абай облысы жерінде бастау алған мерекелік онкүндік аясында әдеби-мәдени кештер, ғылыми-танымдық конференциялар, «Адамзаттың Абайы» атты эстафета сынды тағылымды шаралар ұйымдастырылды.

Қазақтың ұлы ақыны, ойшылы, гуманист ағартушысы Абайдың туғанына 180 жыл толған мерейтойы аясында Нұра ауданының Б.Ысқақұлы атындағы орталық кітапханасының жазғы оқу залында «Абайды оқы, таңырқа!» атты әдеби акция ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты – өңір тұрғындары мен қонақтарын ұлы ақынның өнегелі өмір жолымен таныстыру, шығармашылық мұрасын насихаттау, өлеңдері мен әндерін мәнерлеп айтқызу арқылы жастардың әдебиетке, білім мен ғылымға деген қызығушылығын арттыру болды.

Жиын «Абай – қазақ халқының данышпаны» атты интеллектуалды ойынмен басталды. Бұл бөлімге «Жасыл ел» еңбек жасағының жастары қатысып, өзара екі командаға бөлініп, Абайдың «Қара сөздерінен» құралған сөз тіркестерін табу арқылы өз білімдерін сынады.

Іс-шараның екінші бөлімі «Абайды оқы, таңырқа!» атты кітап көрмесіне шолу жасаумен жалғасты. Көрмеге ауыл тұрғындары, «Алтын жас» клубының мүшелері және шараның құрметті қонағы – жерлесіміз, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, филология ғылымдарының докторы, профессор, академик Бейбіт Мамраев қатысты.

Қонақ өз сөзінде кітапхана ұжымына осындай тағылымды іс-шара ұйымдастырғандары үшін ризашылығын білдіріп, Абай шығармашылығы туралы өзінің ғылыми көзқарастарымен бөлісті. Сонымен қатар, «Алтын жас» клубының мүшелері ұлы ақынның әндерін орындап, кент тұрғындары Абай өлеңдерін мәнерлеп оқыды. Ашық аспан астында өткен әдеби кеш шараға қатысушыларға рухани серпіліс сыйлап, Абай мұрасына деген қызығушылықты одан әрі арттырды.

Абай қаласында өзге ұлт өкілдері арасында өткен облыстық «Абай оқулары» байқауында жерлесіміз Виктория Естремская көркемсөз оқу шеберлігін танытып, жүлделі II дәрежелі дипломға ие болды.

Сондай-ақ, мұражайларда сирек қолжазбалар мен тарихи жәдігерлер көрмесі ашылып, Абайдың өмір жолы мен шығармашылығына қатысты құнды экспонаттар көпшілік назарына ұсынылды.

Абайдың 180 жылдығы – бұл тек қатардағы тарихи дата емес, қазақ халқының рухани жаңғыруының, ұрпақ санасына өнеге болар асыл мұраттардың мерекесі.

Хакімнің өзі: «Өлді деуге бола ма ойландаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деп айтқанындай, Абайдың сөзі – мәңгілік. Ақын мұрасы әр буынның жүрегінде жаңғырып, жас ұрпаққа жол көрсетіп, болашаққа бағыт сілтей беретіні күмәнсіз.

*Сурет ұйымдастырушылардан*

● ТАҒЗЫМ

# Сансызбай салған сара жол

Ол кезде жас актерлер рөльге таласып ойнайтын. Әсіресе, классикалық шығармалардағы кейіпкерлер арман болатын. «Гамлетті армандамайтын актер жоқ» деген қағида үстем болып тұрған шақ. Кебек, Қозы, Ғайни, Хлестаков, Труффальдино, Жан, Тилур сынды кейіпкерлерге қолдары жетсе, күндіз-түні дайындалып, режиссерлердің әрбір айтқан ескертпесін қағып алып, бұрынғы ойнаған аға актерлердің ұтымды тұстарын еске ала отырып, шеберліктің биік шыңына жеткізуге тырысатын. Көп оқып, ізденетін, кейіпкерінің өмірбаянын зерттеп, ішкі жан дүниесіне тереңірек үңілетін. Сондай жан-жақты ізденістердің арқасында театрымызда республикаға танымал талантты актерлер шоғыры көбірек шықты. Алматы мен Астана театрларына шақырылып, еліміздің өнер көгінде биік жетістіктерге жеткен қайраткерлерді айтпағанның өзінде Ж.Шашкина, М.Әбдікәрімов, Қ.Сатаев, А.Аблаева, Р.Баймағанбетов, Қ.Кемалов, Н.Жансүгірова, Д.Заитова сынды дүлдүлдердің шығуы кәсіби терең білімді М.Қосыбаев, М.Қамбаров, Ж.Омаров, Е.Тәпенов, Ә.Оразбеков сынды режиссер-педагогтердің еңбегі болса, екінші жағынан ұйымшыл өнер ордасының берік қалыптасуынан еді.

Бірлігі мықты театр актерлерді өсіреді, ал алауыз, күншіл өнер ордасы талантты жүнжітіп қана қоймайды, өлтіріп тынады. Қарағандыдағы Сәкен атындағы академиялық қазақ драма театры еліміздің өнері мен мәдениетіне көптеген өнер тарландарын қанаттандырып ұшырған өнер ордасы. Сондай талантты актер, білікті ұйымдастырушы, «Құрмет» орденінің иегері, Қазақстанның мәдениет қайраткері, актерліктен бастап театр басшысына дейін көтерілген Сансызбай Бекболатов еді. Өкініштісі – ғұмыры тым қысқа болды.

Жамбыл облысының Қордай ауданында дүниеге келіп, мектеп бітірген соң Алматыдағы Құрманғазы атындағы консерваторияның кино және театр факультетінде КСРО халық артисі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты «Сахна падишасы» атанған, профессор Хадиша Бөкееваның шеберханасынан дәріс алып, 1977 жылы біздің театрға жолдамамен келді. Курстасы С.Тәжібаев екеуі театрымыздағы замандастарымен бірден тіл табысып, сахнадағы тай жарысында өздерінің алғыр шабысын көрсетіп, ұзаққа жарайтын дарынын бірден байқатты. Замандастарының арасында Қайрат поэзияға ғашықтығымен ерекшеленсе, Сансызбай мен Сейітжан прозаға, әсіресе, тарихи романдарға құштарлығымен көзге түсті. Курстары бөлек болғанымен, Болат Ыбыраев, Қайрат Кемалов, Сансызбай Бекболатов, Сейітжан Тәжібаев, режиссер А.Бапышов, Роза Тәжібаева бәрі бір уақытта оқыған түлектер. Бір кереметі – біреуі роль алса, қалғандары жабылып ізденетін. Қандай кітап, мақалада кімнің ерекше табыспен ойнағанын, кейіпкердің ішкі жан дүниесінің астарын ашуда бір-біріне қатты жанашырлықпен жәрдемдесетін. Сондықтан да шығар, осы бір шоғыр топ ұлттық сахна өнерінде биік межеге жетіп, аттары театр тарихында қатталып қалды. Сансызбайдың М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов, Т.Әбдіков, С.Жүнісов, т.б драматургтердің шығармаларындағы кейіпкерлер арасынан шоқтығы биік сомдағаны – Карло Гольдонидің «Екі мырзаға бір қызметші» комедиясындағы басты кейіпкер Труффальдино. Өзі адал, іске тиянақты, қожайынның да тілін таба білетін, басқалармен де істі жымын білдірмей тындыра беретін елгезек, шым-шытырық оқиғаның ортасынан сытылып шыға білетін жанның образын керемет сомдады. Режиссер А.Бапышов өңкей жас актерлердің басын құрап, заманына сай киім киістері, салт-дәстүрін сақтап, сахнадағы іс-әрекеті, жүріс-тұрыстарын өте биік мәдениетпен көрерменге ұсынды. Актерлер өз кейіпкерін ерекше шабытпен ойнап үлкен табысқа жетті. Әсіресе, С.Бекболатовтың Труффальдиносы, А.Уәлиеваның Смеральдинасы өте сәтті шыққан образдар болып көрермендер жүрегінде сақталып қалды.



Ал, М.Әуезовтің «Айман – Шолпан» комедиясындағы Қортық шал образы актер С.Бекболатовтың ерекше сомдаған кейіпкерлерінің бірі. Қазақстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Е.Тәпенов «Автор осы рөлді Сансызбайға арнап жазғандай» – дейтін ризалық сезіммен. Шынында да, Қортық шалды ерекше шабытпен ойнайтын еді. 1985 жылы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 40 жылдығына арнап, Петропавл қаласында өткен Республикалық театрлар фестивалінде А.Бектің «Волоколамск тасжолы» спектакліндегі солдат Заев ролі үшін дипломмен марапатталып, лауреат атанды. Түтеген оқтың ортасында қалса да, бір адам кері шегінбей, зеңбірікті әрі оқтап, әрі дәл көздеп, жау танкілерін таптап өтуге жол бермеген жанқияр солдаттың бейнесін шынайылықпен сомдағаны Мәскеу, Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) Алматы сыншыларынан жоғары бағаға ие болды.

Сансызбай Бекболатов біздің театр сахнасында ғана емес, Павлодар қаласындағы Ж.Аймауытов атындағы қазақ драма театрының шаңырағын алғашқы көтерушілерінің бірі ретінде де еңбегі орасан зор. Актер бола жүріп, театр басшысының орынбасары ретінде театрдың аяқтан тұрып кетуіне үлкен үлес қосқан қайраткер. Театр шымылдығын ашқан М.Әуезовтің «Айман – Шолпан» комедиясындағы Қортық шалын бұл театрда да жаңа бір қырынан танытып, көрермендердің ықыласына бөленіп, жас актерлерге шеберлігі арқылы үлгі бола білді. Жас театр шығармашылық табыстарымен оза шығып, Мысыр еліне Халықаралық Каир фестиваліне барған сапарда қазақ елінің сахна өнерінің биік тұғырда екенін дәлелдеп қайтты.

Актерлігімен қатар, ұйымдастыру қабілетінің ерекшелігін байқаған Павлодар облысының басшылары облыстық филармонияға директорлыққа ұсыныс білдірді. Сол шақта мен Қарағандыда зейнеткерлікке жасым толып, орныма лайықты, бүгінгі заман сұранысына жаңаша ойлап қызмет істейтін жан іздеп жүргенмін. Өйткені театрымыз жарты ғасырдан астам өз ғимараты болмай, орыс театрына кіріптар болып жүріп, тек 2008 жылы ғана қазіргі зәулім ғимаратқа қол жеткізген еді. Және де өскелең мәдениетке озық ойлы әлем сахна өнерінің тың тәсілдерін әкелетін жаңашыл басшы керек екенін сездім. Өйткені Тәуелсіздік алғалы елімізде әлемдік сахна өнерінің жаңа бағыттағы, ұшқыр ойлы режиссерлердің қиялымен сахнаның шексіз тылсым кеңістігін батыл ойлармен бағындырар жаңа дүниелер келе бастады. Бұрындары трагедиялық спектакльдер тек жылау, қайғыру болса, бүгінгі заман режиссерлері «Неге жылайды, кім жылатады?» деген сұрақтарға жауап іздейді. Және оны табады. Бұл – үлкен жетістік! Заманына сай басшы біздің театрға керек нағыз бүгінгі заманның ойлы, батыл шешімдер шығаратын басшы деп танып, Павлодардан Сансызбай Бекболатовты қалап отырып шақыртып, орныма қалдырдым. Еш өкінбеймін, қайта қалауымның дұрыс шыққанына мақтанамын. Өзінің тынымсыз еңбекқорлығы, ізденгіштігінің арқасында ұжымға өте сыйлы, қадірлі болды. Талай театрлар фестиваліне қатысып, жүлделі орындар алды. Түркия, Словакия, Ленинград (бүгінгі Санкт-Петербург) өз елімізде Алматы, Астана, Павлодар, т.б қалаларда гастрольдерде болып, ұлттық, шетелдік драматургтердің шығармаларын Д.Арынғазина (Мәскеу), Қ.Қасымов (Шымкент), Е.Тәпенов (Астана) сынды айтулы режиссерлерге қойғызып, актерлердің, әркилы режиссерлердің қолтаңбасын көріп, әртүрлі шеберлік мектебінен сабақ алуына ерекше көңіл бөлді. Соның арқасында театрымыз академиялық атақ алуға қол жеткізді.

Әттең, академиялық дәрежесін жаңа маусымда көрермендерге жариялаймыз деп отырғанда, әлемді жайлаған пандемия аяқ астынан аяулы жанды бұл өмірден алып кетті. Соңында сүйікті жары өмірде де, сахнада да бірге жүрген Алмасы, ұлы Олжас, қызы Асиясы мен немерелері қалды. Өмірде отбасын ерекше құрметтейтін адал жар, балаларына қамқоршы әке, немерелеріне сүйікті ата бола білді.

Өмірден өтсе де, театр сахнасындағы, өнер төрінде қалдырған іздері ешқашан өшпейді, көңілден кетпейді. Қазақ театр өнеріндегі Сансызбай салған сара жол сайрап жатыр, ол ұрпақтан-ұрпаққа үлгі-өнеге болып, мәңгі қалады. Сансызбайдың доска адалдығы, өнерге деген махаббаты, адамдарға деген ілтипаты, өмірдегі кішіпейілдігі – нағыз Азаматтығының шыңы!

**Кеңес ЖҰМАБЕКОВ,**
**Қазақстанның Халық артисі**

*Сурет кейіпкердің жеке мұрағатынан*

● ҚҰРМЕТ

# Елден ерек тарту

**Қазақтың бас ақыны, ұлы ойшылы және гуманист ағартушысы Абайдың жарық дүние есігін ашқанына 180 жыл толған мерейтойына орай Қарқаралы ауданы атынан Абайдың туған еліне ерекше тарту жасалды. Ол – Құнанбай қажы мешітінің табиғи жүннен жасалған макеті. Қарқаралы – Абайдың нағашы және қайын жұрты. Сондықтан, бұл елге жиен әрі күйеу болып келетін тұлғаның жұртына берілетін сый да осындай ерекше болғаны ләзім.**



**Ермек БАЛТАШҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Әңгіме болып отырған символикалық сыйлық Абайдың рухани мұрасына деген керемет құрметті ғана білдіріп қоймай, Қарқаралы өңірі мен Шыңғыстаудың арасындағы тарихи әрі мәдени сабақтастықты айшықтайды. Бірі – Құнанбай қажы мешіт салған қасиетті мекен, екіншісі – Абай дүниеге келіп, адамзатқа ортақ ой қалдырған киелі топырақ.

Құнанбай мешіті – жай ғана діни орын емес, ерекше сәулет ескерткіші, сонымен бірге, ол – ұлт руханияты мен ағартушылық жолдың бастауында тұрған тұлғаларға деген тағзымның нышаны.

Абай – дара, Абай – дана. Оның сөзі – ұлтты ұшпаққа жеткізетін үлкен мектеп, асыл мұрасы – таусылмайтын қазына, келешекке жол көрсетер нұрлы шамшырақ.

СУРЕТТЕ: Қарқаралының Шыңғыстау өңіріне тартуы

*Сурет ашық дереккөзден*

● ӨЗЕКТІ

# Экомәдениет – терең міндет

**Облыс аумағында экологиялық заңнаманы өрескел бұзғаны үшін сегіз әкімге рұқсатсыз қоқыс полигондарын орналастырғаны себепті айыппұл салынған. Шенеуніктердің қоршаған ортаға немкетті қарауы қоғам наразылығын тудырғаны жасырын емес.**

**Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,**
«Ortalyq Qazaqstan»

Заң талабын белден басып, рұқсатсыз қоқыс полигондарын орналастырған бірқатар әкімдер енді қаржылық жауапкершілікке тартылды. Экологиялық заңнаманы елемегендері үшін сегіз әкімшілік тұлғаға айыппұл салынып, мемлекеттік бақылау жүйесінің пәрменділігін тағы бір мәрте көрсетті.

– Олар рұқсат етілмеген жерлерге қоқыс үйінділерін орналастыру деректері бойынша жауапкершілікке тартылды. Жергілікті билік өкілдерінің мұндай әрекеті табиғатқа жасалған немқұрайды көзқарастың айғағы. Қоршаған ортаға зиян келтіргені үшін салынған әкімшілік айыппұлдардың жалпы сомасы 1 миллион 572 мың 800 теңгені құрады. Қазіргі таңда қаражат толығымен мемлекет пайдасына өндіріп алынды, – деп хабарлады облыстық экология департаментінің баспасөз қызметінің өкілдері.

Табиғатты қорғау жөніндегі талаптарды сақтамау – немқұрайдылықпен тең. Себебі, экологиялық нормаларды өрескел бұзу тек табиғатқа ғана емес, халықтың денсаулығына да тікелей қауіп төндіреді. Соңғы жылдары қоқыс мәселесі облыс үшін ең өзекті әлеуметтік-экологиялық проблемалардың біріне айналды. Ал, жағымсыз жағдай көрсеткендей, кей әкімдіктердің әрекетсіздігі заңсыз үйінділердің күрт артуына алып келуде.

«Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясынан ғарыштық мониторинг нәтижелері ұсынылды. Алынған спутниктік суреттер негізінде облыстық экология департаменті инспекторлары рұқсат етілмеген қоқыс үйінділерін анықтап, оны жою бойынша тиісті жұмыстарды бастап кетті. Қазіргі уақытта салалық департамент рұқсатсыз орналасқан қоқыс үйінділерін жою бойынша тиісті шараларды қабылдау жөнінде талаптар көрсетілген ресми хаттарды жергілікті атқарушы органдарға жолдау үстінде.

– Әкімдіктер айыппұлды төлегенімен, қоқыс азайып кетпеді. Өзгенің қоқысына өзіміз албаты ақша жұмсап жататынымыз біздің көзімізге тосын да түсініксіз жайт болып көрінеді. Бұл не деген сөз? Шындығында, бірқатар аудандарда орналасқан қатты тұрмыстық қалдықтар полигондары экологиялық талаптарды ашық түрде елемей, сараптама қорытындыларынсыз жұмыс істеп жатыр. Полигон иелері заңды белден басып, қоршаған орта мен халықтың денсаулығына тікелей қауіп төндіруде. Ең сорақысы, осы заң бұзушылықтарға жауапты болуы тиіс шенеуніктер атаулы жағдайға әдейі көз жұма қарап, әрекетсіздік танытып отыр. Немкеттілік, немқұрайдылық жүйелі бақылаудың жоқтығын және жеке мүдделердің қоғамдық қауіпсіздіктен жоғары қойылып отырғанын айқын көрсетеді, – дейді тәуелсіз эколог Айнұр Ерғалиева.

Мемлекеттік экологиялық бақылау бөлімі жалғасты жұмыстарды жергілікті жерлерге бірнеше мәрте шығу арқылы өз бетінше жүзеге асырды. Жалпы, жыл басынан бері облыс аумағында 83 рұқсатсыз қоқыс үйіндісі анықталған. Алайда, оның тек 50-і ғана жойылған болып шықты. Өткір мәселе өңірдегі заңсыз қалдықтармен күресудің әлі де өзекті екенін көрсетіп отыр. Онымен қатар, жеке және заңды тұлғалардан келіп түскен өтініштер де назардан тыс қалған жоқ. Биылғы бірінші жартыжылдықта экология департаментіне 581 өтініш тіркелген.

Әл-әзір облыс орталығында екі рұқсатсыз қоқыс үйіндісі жойылды. Қазыбек би атындағы ауданда Долинская және Нарвская көшелерінің арасындағы аумақтар тазартылып, 167-есептік тоқсанда орналасқан жерлерден қоқыс шығарылған. Тазарту жұмыстары Балқаш қаласында да жүргізілді.

– Шашубай елдімекенінде рұқсат етілмеген жерлерге төгілген қоқыс алаңдарын жою жұмыстары қарқын ала бастады. Жергілікті табиғатты қорғау қызметкерлері Шет ауданы аумағында жүргізілген кезекті рейд барысында экологияға айтарлықтай зиян келтіретін үш бірдей заңсыз қоқыс төгілген орынды анықтады. Аталған құқықбұзушылықтар бойынша жедел шаралар қабылданып, жергілікті атқарушы билік тарабына нақты ұсыныстар жолданды. Құжатта анықталған қоқыс орындарын дереу жою қажеттілігі көрсетілді. Осы бағытта алғашқы нәтижелер де бар. Бүгінде Мойынты ауылында екі, сондай-ақ, Ақсу ауылын айналып өтетін республикалық маңыздағы автожол бойында тазалау жұмыстары толық аяқталды. Қоқыс үйінділері толықтай жойылып, аумақтар қалпына келтірілді. Экологиялық ахуалды бақылау жұмыстары тұрақты түрде жүргізілуде. Рұқсат етілмеген үйінділерді анықтау және жою жүйелі әрі үздіксіз назарда ұстаймыз. Бұл – күн тәртібінен түспейтін маңызды экологиялық мәселе. Сондықтан, осындай келеңсіз жағдайларға бейжай қарамай, күн сайын бақылауда ұстаймыз, – деп атап өтті облыстық экология департаментінің басшысының орынбасары Айман Құлатаева.



Спикердің ойынша экологиялық талаптарды елемеу, – тек заң бұзушылық қана емес, болашақ ұрпақтың өміріне залал келтіру. Заңсыз қоқыс полигондары мен бейберекет тасталған қалдықтар экологияның ғана емес, адамның өзіне деген қарым-қатынасын көрсететін айна іспеттес. Табиғатты қорғау – бір мекеменің ғана міндеті емес, әр азаматтың, әр шенеуніктің, әрбір тұрғынның ортақ жауапкершілігі. Айыппұл төлеу – шешім емес, уақытша шара. Шынайы нәтиже жүйелі бақылау мен жауапты әрекет болғанда ғана көрініс табады. Ал, қазіргі жағдайда мәселе түбегейлі шешім емес, уақытша тоқтам тауып тұрғандай. Экологтар айтып отырған алаңдаушылық, қоғамның наразылығы – жай ескерту емес, дабыл. Сондықтан, экологиялық мәдениетті қалыптастыру – бүгіннен басталуы тиіс мәні терең міндет.

*Сурет ұйымдастырушылардан*

## Құттықтау



Құрметті Болаттың келіні – Манар ОРАЗӘЛІҚЫЗЫ!

Өміріңнің бір белесі – мерейлі 50 жасқа толуыңмен шын жүректен құттықтаймыз!

Сен – Айдынның сенімді серігі, отбасының берекесі, бала-шағаға мейірімді ана, немерелерге ардақты әже ғана емес, біздің әулетке ибалы келін, ағайын-туысқа сыйлы жан болып, ақылдылығыңмен, кең пейіліңмен, жұмсақ мінезіңмен бәріміздің жүрегімізден орын алдың.

Жан жүрегімізден саған зор денсаулық, баянды ғұмыр, отбасыңа береке мен шаттық, бала-шағаң мен немерелеріңнің қызығын ұзақ көруді тілейміз!

Айдын екеуің елдің алды болып, бақытты ғұмыр кешіп, ортамыздың ажары болып жүре беріңдер!

Ізгі тілекпен: **Болат – Бұлбұл, Дархан – Тоты, Жанар – Надирхан**

№310

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» уведомляет об отмене общего собрания участников, назначенного на 15 августа 2025 года (объявление в газете «Орталық Қазақстан» от 31 июля 2025 года), в связи с переносом даты и изменением повестки дня. Новая дата будет сообщена дополнительно.

№151

● РЕСМИ

# Мемлекеттік қызметтегі әдеп – абырой мен сенім кепілі

**Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексі Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының заңдарына, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларына сәйкес мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне қойылатын жалпы қабылданған талаптарды, сондай-ақ олардың мінез-құлқының негізгі стандарттарын белгілейді.**

Мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын нормативті бекітудің басты мақсаты – мемлекеттік қызметке үміткерлерді іріктеуді қамтамасыз ету және оларға мемлекеттік қызметте болған кезінде қойылатын моральдық-адамгершілік талаптарды нығайту.

Мемлекеттік қызмет атқару – қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебіне жоғары талаптар қояды.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі алты қағидатқа негізделген. Олар – адал ниеттілік, адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық және клиентке бағдарланушылық.

Ардан аттамау, әдеп қағидаларын бұлжытпай орындау, жоғары жауапкершілікті сезіну мемлекеттік қызметшіге тән негізгі қасиеттер болуы керек.

Кодекс халықтың мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.

Мемлекеттік қызметшілерге көпшілік алдында сөз сөйлеу кезінде электрондық және баспа бұқаралық ақпарат құралдарында жалған, дәл емес немесе бұрмаланған шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді жариялауға жол берілмейді.

Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, кішіпейілділік танытуға, тиісті көрсетілетін қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға және қоғамдық имандылыққа қолсұғумен ұштасқан қоғамға қарсы мінез-құлық жағдайларына жол бермеуге тиіс.

Сондықтан, әдеп нормаларын мінсіз сақтау – әр мемлекеттік қызметшінің негізгі міндеті.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілердің жеке өмірі де қоғам назарынан тыс қалмайды. Олар өз ортасында жүріс-тұрысымен, мәдениетімен өзгеге үлгі болуға тиіс. Бұл – жауапты әрі маңызды міндет. Халықпен тікелей жұмыс істейтін маман ретінде мемлекеттік қызметші тек кәсіби біліктілігімен емес, адами қасиеттерімен де ерекшеленуі қажет.

Қызметтік әдеп нормаларын сақтамау сыбайлас жемқорлыққа, әр түрлі құқық бұзушылықтар мен теріс пайдаланушылыққа жағдай туғызады, сондай-ақ тәртіптік шара қолдануға алып келеді.

Мемлекеттік қызметшілермен әдеп нормаларын мінсіз сақтау қызметтегі бағалауда және ілгерілеуде оң әсерін тигізеді.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қояды. Қоғам мемлекеттік қызметші өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін өзі жүзеге асыратын кәсіби қызметке арнайды, өзінің Отаны Қазақстан Республикасына қалтқысыз әрі адал қызмет етеді деп сенеді.

Мемлекеттік қызметші – біліктің бет-бейнесі. Әдеп кодексі – оның қызметін айқындайтын басты құжат. Сондықтан, әр қызметші оның талаптарын қатаң сақтауы тиіс. Бұл тек жеке тәртіп мәселесі емес, мемлекеттік қызметтің абыройы мен қоғам сенімінің кепілі.

Біз, әдеп жөніндегі уәкіл ретінде, мемлекеттік қызметшілер арасында жоғары мәдениет пен әдептілік қағидаларын насихаттау арқылы олардың кәсіби және моральдық деңгейін арттыруға ықпал етеміз. Әр мемлекеттік қызметші өз Отаны – Қазақстан Республикасына адал қызмет етіп, халықтың сенімін ақтауы тиіс. Сонда ғана мемлекет пен қоғам арасындағы сенім нығайып, мемлекеттік қызметтің беделі биіктей түседі.

Батыр атамыз Бауыржан Момышұлының «Тәртіпке бас иген құл болмайды, тәртіпсіз ел болмайды» деген сөздері әр мемлекеттік қызметшінің басты қағидаты ретінде қалыптасуы тиіс.

**М.БЕЙСЕНОВ,**
**ҚР АШМ АӨК МИК**
**Қарағанды облыстық**
**аумақтық инспекциясының**
**Әдеп жөніндегі уәкілі**

● ҚҰҚЫҚ

# Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті

**Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес – ең өзекті мәселенің бірі. Сыбайлас жемқорлық – заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Сондықтан да, мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі – осы зұлымдықпен күресу.**

Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сыбайлас жемқорлықпен күресті екпе қарау мүмкін емес. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады.

Мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаның шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке болып, атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әр азаматы Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады», «Дүние-байлық неге керек, денсаулығың болмаса», «Төрелігің неге керек, халықтың көңілі толмаса» деген нақыл сөз сот саласында еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Шынында да, біз әділ төрелік жасап, жемқорлықтан жоғары тұрған жағдайда ғана халық сеніміне ие боламыз.

**Н.КЕНЖЕГУЛОВ,**
**«ҚР АШМ АӨК МИК**
**Қарағанды қалалық**
**аумақтық инспекция»**
**ММ басшысы**

**ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» (далее КТ) объявляет о проведении внеочередного общего собрания участников, которое будет проведено в 10.00 ч. 29.08.2025 года очным путем в г.Караганда, ул. Сатыбалдина, 29/2, БЦ «Максат».**

Повестка:

1. Об увеличении процентной ставки вознаграждения по Рамочному соглашению №364-КГФ-КТ11 от 28.04.2016г. - 25% годовых.

2. О принятии единоразового решения о предоставлении в залог в АО «Аграрная кредитная корпорация» в качестве обеспечения исполнения обязательств ТОО КТ «Бейбарыс» денежных средств, размещенных на депозитных счетах в банках второго уровня Республики Казахстан и АО «Казпочта» в размере не менее 25 % от суммы уставного капитала КТ, с предоставлением права прямого дебетования денежных средств со всех счетов ТОО «КТ «Бейбарыс», открытых во всех банках второго уровня Республики Казахстан и АО «Казпочта» без дополнительного уведомления ТОО «КТ «Бейбарыс», в случае неисполнения, либо ненадлежащего исполнения обязательств ТОО «КТ «Бейбарыс» перед АО «Аграрная кредитная корпорация», а также в случае неисполнения, либо ненадлежащего исполнения обязательств конечными заемщиками перед ТОО «КТ «Бейбарыс».

3. О предоставлении в залог автотранспортного средства марки Mitsubishi ASX, рег. № 732AC09, 2021 г.в., принадлежащее КТ, в качестве обеспечения исполнения обязательств КТ перед АО «Аграрная кредитная корпорация» по Рамочному соглашению об открытии кредитной линии № 364-КГФ-КТ11 от 28 апреля 2016 года, в связи с увеличением кредитной линии, с правом на судебную/внесудебную реализацию.

№151




KazTransOil

**«ҚазТрансОйл» АҚ Қарағанды** және **Ұлытау** облыстарының аумағында «Павлодар-Шымкент», «Құмкөл-Қарақойын», магистральды мұнай құбырлары, ТОБЖ байланыс желілері салынғанын, олар шақырымдық бағандармен және ескерту белгілермен белгіленгенін ескертеді.

**ҚР-ның «Магистральдық құбыр туралы» Заңына және Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелеріне** сәйкес, келесі күзет аймақтары белгіленеді:

1) Мұнайды тасымалдайтын магистральды мұнай құбыры трассасы бойында – құбыр осінің әрбір жағынан **50 метр** жерден өтетін шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде; ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлерде магистральдық құбырдың күзет аймағы құбыр осінің әрбір жағынан **25 метр** жерден өтетін шартты сызықтармен шектеледі;

2) бір техникалық дәлізде төселген көп желілі құбырлардың трассалары бойында – шеткі құбырлардың осьтерінен 1) тармақшамен қарастырылған қашықтықтарда шартты сызықтармен шектелген жер учаскесі түрінде;

3) суасты өткелдері бойында – өткелдердің шеткі желілері осьтерінің әрбір жағынан **100 метрге** кейін қалатын қатар жазықтықтар арасында орналасқан су бетінен түбіне дейінгі су кеңістігі учаскесі түрінде;

4) өнімді авариялық шығаруға арналған жер қамбалары төңірегінде – аталған объектілер аумақтары шекарасынан барлық жаққа **50 метрге** кейін қалатын тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде;

5) бас және аралық айдау және құю сорғы станциялары, резервуар парктері, компрессорлық және газ тарату станциялары, өнім өлшеу тораптары, құю және қотару эстакадалары, газды жерасты сақтау станциялары, мұнайды, мұнай өнімдерін қыздыру пункттері төңірегінде – аталған объектілер аумақтарының шекараларынан барлық жаққа **100 метрге** кейін қалатын, тұйықталған сызықпен шектелген жер учаскесі түрінде орнатылады

6) орманы жоқ учаскелерде елдімекендерден тыс орналасқан жер асты кәбілдік және әуе байланыс желісі мен радиофикация – жерасты кабель трассасы немесе шеткі әуе желілері сымдарының әрбір жағынан кемінде **2 метр** қашықтықта орналасқан тікелей параллельмен белгіленетін осы желілері бойымен жер учаскелері түрінде.

**ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАР» СӘЙКЕС 30-ДАН 150 МЕТРГЕ ДЕЙІН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІ БЕЛГІЛЕНЕДІ. ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МАҚСАТЫНДА ЕРЕЖЕЛЕР ЖИЫНТЫҒЫМЕН БЕЛГІЛЕНГЕН ЕҢ АЗ ҚАШЫҚТЫҚ ШЕГІНДЕ МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРҒА ЖАТПАЙТЫН КЕЗ КЕЛГЕН ОБЪЕКТІЛЕРДІ САЛУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**

## ЕСКЕРТУ

ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

Құбырлардың күзетілетін аймақтарында құбырлардың қалыпты пайдаланылуына немесе олардың бұзылуына әсер ететін түрлі әрекеттерді жасауға тыйым салынады, соның ішінде:

• тану белгілерін, бақылау-өлшеу пункттерін ауыстыруға, үюге және сындыруға;

• кабель желілерінің қызмет көрсетпейтін күшейту пункттерінің қақпақтарын, қақпаларын және есіктерін, желілік арматураның торап қоршауларын, катодты және дренажды қорғау стансаларын, желілік және қарау құдықтары мен басқа желілік құрылғыларды ашуға, крандар мен ысырмаларды ашып, жабуға, байланыс, энергиямен қамтамасыз ету және құбыр телемеханикасы құралдарын өшіруге;

• түрлі қоқыс орындарын жасауға, қышқылдар, тұздар мен сілтілердің ерітінділерін төгуге;

• жаға бекіту ғимараттарын, су өткізу құрылғыларын, құбырларды, байланыс желілерін бұзудан, ал жақын аумақ пен айналадағы жерді апаттық құйылу мен тасымалданатын өнімнен қорғайтын жер және өзге ғимараттарды (құрылғыларды) бұзуға;

• зәкірлерді суға тастауға, суға тасталған зәкірлермен, тізбектермен, сүйретпелермен және тралдармен өтуге, тереңдетіп қазу мен жерге батыру жұмыстарын жүргізуге;

• от жағуға немесе ашық немесе жабық от көздерін орналастыруға.

Магистральды мұнай құбырларының күзетілетін аймақтарында **«ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің жазбаша рұқсатынсыз:**

• «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналасу жерін, құрылыс жүргізу, жайластыру және пайдалану тәртібін келіспей магистральды құбырдың және оның күзетілетін аймағы трассасының өткелдерін, топырақ жолдарын немесе өзге уақытша немесе тұрақты көлік қиылыстарын орналастыруға;

• бақ өсіруге және ағаш өсіруге, сонымен қатар жыртылатын тереңдігі отыз бес сантиметрден аспайтын қыр ауыл шаруашылық дақылдарды өсіруге бағытталған агротехникалық жұмыстардан басқа, «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келісілмеген қандай да бір жұмыстарды орындауға;

• магистральды құбырларға қызмет көрсетуге және оның физикалық қорғанысын қамтамасыз етуге арналған «ҚазТрансОйл» АҚ-пен орналастырылған жолдарды қалпына келтіруге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген жағдайлардан басқа осы жолдар бойынша магистральды құбырларда өртке қарсы және күзет қызметтерін орындайтын қызметкерлердің қозғалысына кедергі жасауға;

• кез келген құрылыстар мен ғимараттарды салуға;

• автомобиль көлік құралдарының, тракторлар мен механизмдердің тұрақтарын ұйымдастыруға;

ХАЛЫҚТЫҢ, КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ, ҰЙЫМДАРДЫҢ, ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

• мелиоративті жер жұмыстарын жүргізуге, жер суаратын және құрғататын жүйелерді салуға;

• «ҚазТрансОйл» АҚ-пен келіспей тау, құрылыс, жинақтау және жарылыс жұмыстарын жүргізуге, топырақты тегістеуге;

• ұңғымалардың, шурфтардың құрылғыларымен және топырақ (жер қыртысының үлгілерінен басқа) сынамаларын алумен байланысты геологиялық түсіру, геологиялық барлау, іздеу, геодезикалық және басқа іздестіру жұмыстарын жүргізуге тыйым салынады.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында құрылыс нормаларымен және ережелерімен белгіленген минималды қашықтықтарда магистральды құбырларға жатпайтын кез келген объектілердің құрылысына тыйым салынады.

Магистральды құбырлардың күзет аймақтарында кез келген жұмыстар мен әрекеттерді орындау қажет болған жағдайда, Кәсіпорындар, Ұйымдар және Азаматтар:

• «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшелерінен «Магистральды құбырлардың күзетілетін аймақтарында жұмыстар жүргізуге» жазбаша рұқсат алуға міндетті. Жұмыстарды жүргізуге рұқсат жұмыстарды жүргізетін адамда жұмыс істеп тұрған құбырлар көрсетілген жобалау құжаттамасы бар болған жағдайда ғана берілуі мүмкін.

• кем дегенде 5 тәулік бұрын «ҚазТрансОйл» АҚ құрылымдық бөлімшесінің өкілін жұмыстарды жүргізу орнына шақыруға;

• құбырлардың және тану белгілерінің сақталуын қамтамасыз ететін ережелерді сақтап, жұмыстарды орындауға міндетті.

«ҚазТрансОйл» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелері ҚР «Магистральдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелері, сондай-ақ «Күзетілетін аймақта жұмыстарды жүргізуге арналған рұқсатта» көрсетілген талаптар бұзылып, орындалған жұмыстарды тоқтатып қоюға құқылы.

ҚР «Магистральдық құбыр туралы» Заңы, Қазақстан Республикасының экологиялық кодексі, Қазақстан Республикасында телекоммуникация желілерін күзету ережелері және ҚР ЕЖ 3.05-101-2013 «Магистральдық құбырлар» жергілікті билік пен басқару органдарымен, сондай-ақ басқа да кәсіпорындармен, ұйымдармен (меншік түріне қатыссыз) және құбырлар өтетін аумақта жұмыстар немесе қандайда бір әрекеттер жүргізетін азаматтармен орындау үшін міндетті болып табылады.

**Заң, Кодекс, Ережелер мен ҚР КЕ талаптарын бұзушылықтарға кінәлі лауазымды тұлғалар мен азаматтар белгіленген тәртіпте жауапкершілікке тартылады.**

**Жоғарыда айтылған барлық мәселелер бойынша мына мекенжайға хабарласу қажет:**

«ҚазТрансОйл» АҚ Қарағанды мұнай құбыры басқармасы
100026, Қарағанды қ., Гапеев көш., 4/3 Тел: 8 (7172) 55-52-57 – БДБ №7 техникалық учаскесінің диспетчері; 8 (71030) 2-60-95 – «Атасу» БМАС-тың операторы, 8 (7212) 98-22-41 – Қарағанды МҚБ бастығының қабылдау бөлмесі.
Д



Электрондық пошта:
ortalyk.kaz
@mail.ru

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

# Тілшілер тілдесті, пікірлер үндесті




**Республикалық «Айғақ» газеті және телеарнасының, Түркістан облысы мен Шымкент қаласының журналистері ұлы ақын Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толуына орай 15 күндік сапары аясында Қарағанды облысына арнайы ат басын бұрды. Осы мақсатта бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері 9 өңірді аралайды.**

**Аяулым СОВЕТ,**
«Ortalyq Qazaqstan»




Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, Қазақстан Журналистика академиясының академигі Дулат Әбіш бастаған делегация құрамында Қазақстанның Құрметті журналисі, «Еркін ой» газетінің бас редакторы Балтабек Түйетаев, Қазақстанның Құрметті журналисі, «Алғабас», «Шаян» газеттерінің құрылтайшысы Абзал Әділбеков, «Muzbalaq.kz» ақпараттық порталының бас редакторы Базаркүл Қалбыр бар.

Сондай-ақ, «Бекет» газетінің бас редакторы, блогер Сафуан Өтебаев, «Айғақ» телеарнасының редакторы Арайлым Әбсағат та делегация құрамында Арқа жеріне ат басын бұрды.

Қаламы қарымды журналистер Қарағанды облысына сапары аясында алдымен Абай ескерткішіне гүл шоқтарын қойды. Алаш қайраткері Әлімхан Ермеков зиратына барып, баба рухына құран бағыштады. Кеншілер шаһарының кең көшелерін тілге тиек еткен журналистер, қаланың көңілге көрік сыйлайтын көркем жерлеріне сүйсінгенін атап өтті.

Іссапар соңында делегация «Saryarqa aqparat» медиахолдингі «Ortalyq Qazaqstan» газетінің ұжымымен кездесті. Медиахолдинг директоры Қайрат Жүнісұлы сөзінде бұл сапар Абай мұрасына деген құрметтің нақты көрінісі екенін атады.

– Сіздерді Арқа жерінде көргенімізге қуаныштымыз. Бұл – жай ғана сапар емес, бұл – ел тарихына деген терең ілтипат. Абай мұрасына деген құрмет пен ғұламаның тағылымын ұрпақ санасына сіңіру жолындағы маңызды рухани міндет. Өңірге сапар аясында киелі орындарға тағзым етіп, мәдени ошақтарды аралап, зиялы қауым өкілдерімен жүздестіңіздер. Әріптестер арасындағы кездесу – ақпарат құралдары өкілдерінің кәсіби біліктілігі мен бірлігін арттыруға сеп, – деді Қайрат Әбілда.

Кездесуде елімізде алғаш тәуелсіз газет ашып, журналистика саласында өзіндік қолтаңба қалдырған Дулат Әбіш Америка Құрама Штаттарының Қазақстандағы елшісінің шақыруымен Вашингтон, Нью-Йорк, Сан-Франциско қалаларында ресми делегацияның құрамында болғандағы тәжірибесімен бөлісті. Іскерлігі мен еңбексүйгіштігі нәтижесінде журналистік және депутаттық қызметтерді біліктілікпен үйлестіріп жүрген ол журналистердің қоғам алдындағы мәртебесі жайлы әңгіме қозғады.





«Muzbalaq.kz» ақпараттық порталының бас редакторы Базаркүл Қалбыр оқыған майдангер ақын Тоқаш Бердияровтың «Тістелген нан» өлеңі көпшіліктің көңілін сүйсінтті. Кездесуде «Еркін ой» газетінің бас редакторы Балтабек Түйетаев 2024 жылы АҚШ-тың Далластағы Техас университеті жанындағы байқауда «Жыл журналисі» атағын иеленген сәтіндегі ерекше әсерімен бөлісті.

– АҚШ-тан арнайы келген философия ғылымдарының докторы, профессор, ақын Джеке Маринай қаламы қарымды, өз мүддесінен ұлт мүддесін жоғары қоятын кәсіби мамандардың бағаланатынын атап өтті. Марапаттың басымдығы ақиқат пен әлеуметтік әділеттілікке деген адалдық үшін, сондай-ақ журналистиканы демократия мен қоғамдық пікірталастың іргетасына айналдырып, әлемдегі ең маңызды оқиғаларға дер кезінде назар аударғандарға берілетіндігінде, – деп атап өтті Балтабек Түйетаев.

Кездесуде «Ortalyq Qazaqstan» газеті бас редакторының міндетін атқарушы Қызғалдақ Айтжанова оңтүстіктен арнайы келген әріптестерімізге алғыс білдіріп, екіжақты меморандум аясында тәжірибе алмасу алаңын ұйымдастыруға ұсыныс білдірді.

Мың шақырым алыстан келген меймандарға ардақты ақын Серік Ақсұңқарұлының үш томдық шығармалар жинағы тарту етіліп, сый-сияпат жасалды.

Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси дамуына ерекше үлес қосып келе жатқан әріптестеріміздің келесі аялдамасы – Ұлытау облысы.

Суреттерді түсірген
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

● ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

# Үздік үштікте

**Ел намысын қорғап жүрген үстел теннисшісі, облысымыздың мақтанышы Зәуреш Ақашева АҚШ-тың Спокан қаласында өткен WTT Feeder халықаралық турнирінде жүлдегер атанды. Жерлесіміз бұл додада жұптық сында Словения спортшысы Анна Тофантпен бәсекеге түсіп, үшінші орынға ие болды.**


Сурет ашық дереккөзден

**Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,**
«Ortalyq Qazaqstan»

WTT Feeder сериясы – Халықаралық үстел теннисі федерациясының (ITTF) күнтізбесіндегі маңызды турнирлердің бірі. Бұл додада әлемнің әр тарапынан келген кәнігі спортшылармен қатар жас таланттар да бақ сынайды. Спокандағы жарысқа биыл 20-дан астам елдің өкілдері қатысып, тартысты ойын өрнегін көрсетті.

Зәуреш пен оның словениялық қарсыласы алғашқы айналымдарда қарсыластарын айқын басымдықпен жеңіп, жартылай финалға дейін жеткен еді. Өкінішке қарай, ақтық сынға өту жолында турнирдің фавориттеріне есе жіберді. Әйткенмен, үшінші орынды таразыға салған ойында жоғары деңгейдегі шеберлік көрсетіп, қола жүлдені қанжығалады.

Зәуреш Ақашеваның бұл жүлдесі – аймақтағы үстел теннисі мектебінің мықты екенінің тағы бір айғағы. Соңғы жылдары ол халықаралық аренада тұрақты түрде жоғары жетістіктерге жетіп келеді. Бұған дейін Еуропа мен Азиядағы бірқатар беделді турнирлерде жүлдегер атанған.

● МӘСЕЛЕ

# Ұлттық рух орталығына айналамыз

**Күйшілер одағының облыстағы филиалының төрағасы Болат Тәкішев мырза «Қарағандыға күйшілер үйі керек» дейді. Бұл – атүсті қарай салатын және көтерілген көп мәселенің арасында көміліп қалатын мәселе емес. Себебі, орталық құрылса, тұтас ұлттың болмысын сақтауға, кодын жаңғыртуға сеп болмақ. Өшкеніміз – жанады, жоғалтқанымыз – табылады. Рухымыз өз тұғырына шығады.**

**Ерік НАРЫН,**
«Ortalyq Qazaqstan»


Коллажды жасаған Шынар Адамбекова

Орталықтың құрылуына ең басты себептердің бірі – Арқа топырағында ұлы қазақ күйінің Тәңірқұты* Тәттімбеттің дүниеге келуі. Тәттімбет – Алаштың ұлылығын сөзбен емес, тылсым әуенмен бойыңызға дарытатын ұлы күйдің жаратушысы (шертпе күйдің атасы емес). Абайдың (Құнанбайұлы) заманында «Күй Тәңірі Тәттімбет» деп айтылған. Бұл – халықтың берген бағасы.

Тәттімбет жаққан алауын үрлеген берідегі Тоқа, Сүгір, Итаяқ, Қыздарбек, Әбди, Сембек, Мақаш, Баубек, Әбікен Хасенұлы, Бегімсал Орынбекұлы, Дәулетбек Сәдуақасұлы, Орал Исатайұлы сияқты көптеген күйшілер бар. Жаңа ғасырдың төрінде де дарындар жетерлік. Оның үстіне, күйдің тілін, құдіретін түсінген Алаш жұрты үшін Арқа күй мектебінің тұғыры биік. Шеріңді қозғайтын шертпе күйін іздейді.

Күй орталығы ашылса, санасына Жаратқанның сәулесі түскен әр қазақ Қарағандыға ағылмақ. Күй орталығы ашылса, тұтас Қазақстан Қарағандыға алғыс айтпақ. Өкінішке қарай, бұл күнде күйді қатардағы өнердің бірі деп қабылдап жүрміз. Ұлттық домбыра күнін де қатардағы мереке көреміз. Алаулатып, жалаулатып шараларды лег-легімен өткізіп, мәз-мейрам болып жатамыз. Ал, күйде байтақ даланың фольклоры жатыр. Қазақтың ұлылығын сөзді көпіртіп, оның тарихымен ғана байланыстырамыз. Ұлылығымыздың дәлелі – күйде. Шыңғыс ханға Жошының өлімін естірткен «Ақсақ құлан» күйі сияқты арғы-бергі дәуірлердегі ұлысымыздың басынан кешкен тарихи оқиғаларды да осы күй өнері баяндайды.

2016 жылы «Теміржолшылар» мәдениет үйінде Қарағанды облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасы мен қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қолдауымен «Күй керуен» орталығы ашылған еді. Орталықтың ашылуына ұйытқы болған – күй өнерінің жоқтаушысы Қайролла Сәдуақасов. Өкінішке қарай, Қайролла Сәдуақасов қайтыс болғаннан кейін жабылып қалды.

Көтеріліп отырған мәселеге қатысты бүгінгі күй өнерінің ірі өкілі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақ ұлттық университетінің профессоры, Арқа, Қаратау күйлерін насихаттаушы Жанғали Жүзбаев пікір білдірді.

– Сол орталық қайта құрылса деген тілек бар. Орталыққа бірегей музей қажет. Музейде ежелден бүгінге дейін күйшілер шерткен домбыралардың формалары қойылса. Мәселен, Аққыздың домбырасы – өте ежелгі форма. Сосын, күйшілер туралы том-том мәліметтер, мақалалар, кітаптар мен күйлердің фонатикасы жинақталу керек. Фонатика дегеніміз – кітапхана. Күйшілер өнер көрсететін шағын залы да керек. «Арқа күй орталығы» немесе «Тәттімбет орталығы» деп атауға болады. Дастархан басында шай ішіп отырып, күй тыңдайтын бөлме жасақталса, тіпті, керемет! Өйткені бүгінгі жас ұрпақтың күймен сусындауы – зор маңызға ие. Бұл орталық – күйшілердің қарашаңырағына айналса. Қарағандыда орталық ашуға жағдай бар деп ойлаймын, – деді Жанғали Жүзбаев.

Бүгінгі жағдайды бағамдасақ, біз ұлы мұрамызды бағаламай отырғандаймыз. «Қолда бар алтынның қадірі жоқ» деп, дана халқымыз бір ауыз сөзбен қайыра салыпты, шіркін! Біле білсеңіз, қазақтың күйі әлемді шарлап кеткен. Мәселен, әлемдік һәм классикалық әдебиеттің, музыканың ұлылары туған Парижде Тәттімбеттің орталығы бар. Сол орталық күй Тәңірқұтының мұрасын Еуропаға насихаттап отыр. Бұған не дейміз? Қарап тұрсаңыз, «Сарыжайлау» күйінің өзі – күй ұраны. «Қазақ даласының әр тарапындағы күйшілік мектепте туған күйлердің біразы Тәттімбеттің күйлерімен үндес», – дейді күй академигі Жанғали Жүзбаев. Тіпті, қырғыз күйлерінің біршамасы бабамыздың туындыларына ұқсас екен.

Көтерілген мәселе шешімін тапса, тарихи оқиға болатынына кәміл сенеміз. Қарағандының Алаш жұртының алдында мәртебесі өсері анық.

Осы салаға жауапты облыстық мәдениет, архитер және құжаттама басқармасының мамандары Қарағандыда мәдениет ошақтарына лайықты ғимарат табу қиынға соғатынын айтты.

Орталық ашылса, бұл шаһарға жаһанның түпкір-түпкірінен музыка зерттеушілері ағылады. Сөйтіп, Қарағанды «Кеншілер шаһары» ғана атанып қоймай, «Шертпе күй шаһары» атануы да әбден ықтимал.

* Тәңірқұты – «жаратушы» деген мағынаны білдіреді. Өте көне сөз.

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет
Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор
**Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары
**Оксана Вячеславовна МЯГКИХ**
Директордың орынбасары
**Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА**

Бас редактордың м. а.
**Қ.А. АЙТЖАН**
Бас редактор
**Е.К. МҰСАБЕК**
Сайт редакторы
**А.Ә. СОВЕТ**
Жауапты хатшы
**С.Б. ІЛИЯШ**

**Телефондар:**
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген Ⓡ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

**Электрондық пошта:** ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

**Газет жеткізілмесе**
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

Таралымы 3 478

№88 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**
**Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.**
Кезекші редактор **Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН**